



Қазақстан Республикасындағы
кәсіпкерлік белсенділіктің жай-күйі
туралы ұлттық баяндама



«Отандық нарықтық экономиканың негізін құрайтын кәсіпкерлікті дамыту Қазақстанның стратегиялық басымдығы болып табылады»

Н.Ә. Назарбаев

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР	6
КӘСІПКЕР КЕЛБЕТІ	9
Кәсіпкерлердің сипаттамасы.....	9
Кәсіпкерлікке бизнестің көзқарасы.....	16
Әлеуетті кәсіпкердің келбеті	18
КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ	20
Еліміздің ЖІӨ-дегі ШОК үлесінің индикаторы	21
Еңбек өнімділігінің индикаторы	23
Жұмыспен қамтудағы ШОК үлесін анықтайтын индикатор.....	24
1000 адамға шаққандағы ШОК санының индикаторы	24
Компанияның орташа мөлшерінің индикаторы.....	25
Экспорттағы ШОК үлесінің индикаторы	26
МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ ҚҰРАЛДАРЫ ...	27
КЕДЕРГІЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ	29
Өткізу нарықтарына қолжетімділіктің төмендігі	30
Ақша қаражаттарына қолжетімділіктің төмендігі	38
Адам ресурстарына қолжетімділіктің төмендігі.....	45
Инфрақұрылымға қолжетімділіктің төменділігі	50
Кәсіпкерлер құқықтарының қорғалуы деңгейінің төмендігі	57
ҚОРЫТЫНДЫ	69
ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ	71

КІРІСПЕ

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан Республикасының Үкіметі кәсіпкерлікті тұрақты дамыту үлгісін қалыптастыру жөніндегі Мемлекет басшысының негізгі ойын жүйелі іске асыруда. Еліміз үшін сындарлы кезеңдерде мемлекетімізде қабылданған батыл шаралар аз уақыт ішінде орнықты отандық кәсіпкерлер буынын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Қоғамда, сондай-ақ мемлекеттік басқару жүйесінде жаңа өзгертулер жүргізуге бағытталған, және де экономиканың сапалы құрылымын қалыптастыруға мүмкіндік беретін «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспары Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытудың кезекті дәуірі болып табылады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет пен еліміздің бизнес-қауымдастығы Қазақстанның барлық кәсіпкерлерін біріктіретін бірегей ұйым «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасын құрған болатын.

Ұлттық палатаның қалыптасуына мемлекеттің қатысуы - отандық кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсетудегі Қазақстанның көпжылдық жүйелі саясатындағы сенімді қадамның бірі болды.

Қалыптасу кезеңінен өтіп, жұмысқа белсене кіріскен «Атамекен» ҰКП қазіргі уақытта бизнес пен мемлекеттің сұхбат алаңы ретінде қалыптасты.

Палата қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып табылады: кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, Қазақстанда бизнесті жүргізудің (бизнес-ортаның) құқықтық реттелуін жетілдіру, кәсіпкерлер үшін қаржының, инфрақұрылымның және өткізу нарықтарының қолжетімділігін қамтамасыз ету, адами капиталды дамыту және бизнеске сервистік қолдау көрсету.

Қоғам мен мемлекетті кәсіпкерліктің жай-күйі, проблемалары мен кәсіпкерлікті дамытудың перспективалары туралы ақпараттармен қамтамасыз ету мақсатында «Атамекен» ҰКП еліміздегі кәсіпкерлік белсенділігінің жай-күйі туралы осы Ұлттық баяндаманы (бұдан әрі – Ұлттық баяндама) әзірледі.

Ұлттық баяндаманың негізіне 2014–2015 жылдардағы «Атамекен» ҰҚП қызметінің негізгі бағыттары бойынша Палата сарапшыларының күнделікті жұмыстарының нәтижелері, «Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасын» әзірлеу барысында 6 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектісі мен 6,5 мың әлеуетті кәсіпкер арасында жүргізілген сұрақ-жауаптар және сауалнамалар негізінде жасалған ауқымды зерттеулердің тұжырымдары, «Іскерлік ахуал» тәуелсіз рейтингінің нәтижелері, «Атамекен» ҰҚП кәсіпкерлер түйіткілдері тізілімінің талдауы, кәсіпкерлер құқығын қорғау бағыты бойынша «Атамекен» ҰҚП-ға келіп түскен 7 мыңнан астам өтініш пен 10 мыңнан астам шағымға жүргізілген талдау нәтижелері, сондай-ақ сарапшылар қауымының (Назарбаев Университеті, Экономикалық зерттеулер институты, McKinsey&Company, KPMG, White&Case, «Стратегия» ӘСЗО» ҚҚ, «ДАМУ» ҚДҚ» АҚ, өңірлердегі ЕДБ филиалдары және т.б.), салалық қауымдастықтардың, 16 Өңірлік кәсіпкерлер палатасының және Кәсіпкерлерді қолдау мен қызмет көрсету орталықтарының пікірлері жатқызылды.

Кәсіпкерлікті дамытуда Мемлекет басшысы жүргізіп отырған саясатты қолдау бойынша «Атамекен» ҰҚП миссиясын іске асыру мақсатында, Ұлттық баяндамаға кәсіпкерліктің дамуын тежеп отырған ағымдағы және жүйелі кедергілер жөніндегі сараптамалық пікір, сондай-ақ еліміздегі бизнес-ахуалды және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жақсарту бойынша бірқатар ұсыныстар енгізілді.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

Еліміздің кәсіпкерлік секторы басым жағдайда шағын субъектілерден тұрады. Кәсіпкерлік бастамалардың 80%-нан астамы азаматтардың жеке және бірлескен кәсіпкерлігіне негізделген. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің көптігіне қарамастан, ел экономикасына негізгі үлесті ірі заңды тұлғалар қосуда.

Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруі жөніндегі мемлекеттің ұзақмерзімді мақсаты кәсіпкерлікті дамытудың басты бағдары болуы тиіс. 2050 жылға қарай еліміздің ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесін 50%-ға жеткізу мемлекеттің ұзақмерзімді мақсатындағы негізгі индикаторлардың бірі болып табылады.

Алға қойылған мақсаттарды іске асыру үшін Үкімет тарапынан бизнес-ортаны жақсартуға бағытталған шаралар, сондай-ақ бәсекеге қабілеттілікті жақсарту бойынша кәсіпкерлердің тарапынан да әрекеттер қажет.

Осы баяндаманың шеңберінде өткізу нарықтары, қаржы ресурстары, адам ресурстары, инфрақұрылым, бизнес-

ортаны реттеу секілді 5 аспекті тұрғысынан кәсіпкерлікті жүргізу ортасына талдау жүргізілді.

Жалпы алғанда белгіленген кедергілерді еңсеру 2015 жылы жарияланған «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» - Ұлт жоспарын», «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту, индустриялық-инновациялық даму, ауқымды мемлекет иелігінен шығару және мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту бағдарламаларын және басқа да жүйелік құжаттарды тиімді және жүйелі іске асыруды талап етеді.

Сонымен бірге, Ұлттық баяндама Мемлекет басшысы жүргізіп отырған кәсіпкерлікті дамыту бағыты аясында кәсіпкерлік мүдделерін қорғайтын стратегиялық реформалардың орындалуын бағалайтын құралға айналу мүмкіндігін иеленеді. Бизнес-қоғамдастық ұсынып отырған кедергілерді жою жолдары 7 негізгі бағытқа топтастырылған.

1. Өткізу нарықтарына қолжетімділік.
Индустрияландыру мен бизнесті

дамыту салаларындағы мемлекеттік саясат сыртқы нарықтарға шығудағы жүйелі кедергілерді алып тастауға бағытталуы тиіс. Кедендік, тарифтік және тарифтік емес реттеу, инфрақұрылымдық дамыту құралдары үйлесімді және белсенді пайдаланылуы тиіс. Ішкі сұранысты шоғырландыру үшін мемлекет пен ірі бизнестің экономикаға қатысудағы басымдылығын есепке алып, мүдделердің тепе-теңдігін сақтай отырып, қабылданған халықаралық міндеттемелер шеңберінде жергілікті қамтуды қолдау механизмі пайдаланылуы тиіс.

2. Нақты секторды ұзақмерзімді қаржыландыру.

Инфляциялық таргенттендірудің жарияланған саясаты шеңберінде экономиканы монеталандыруды біртіндеп арттыру, ЕДБ-ні экономиканың нақты секторын инвестициялау және жобалық қаржыландыру мақсатында қорландыру ұсынылады. Кәсіпкерлікті қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында қор нарығын белсендіріп, микрокредиттеуді дамытуды жүзеге асыру қажет.

3. Салық жүктемесінің өсуіне жол бермеу.

Дағдарыс жағдайларында салық саясаты салық жүктемесін төмендету және салық рәсімдерін түпкілікті оңтайландыру есебінен салық базасының өсуін ынталандыруға басымдық беруі тиіс. Осыған орай, қоғамдық кеңестердің алаңында ҚҚС бойынша шекті мәнді төмендетуге және сатудан түсетін табысқа салық енгізуге қатысты қосымша жария талқылаулар жүргізуді ұсынылады.

4. Мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін төмендету.

Жекешелендіру шеңберінде барлық қатысушылар «Yellow pages» қағидаттарын сөзсіз сақтаулары қажет. Олардың негізінде артық мемлекеттік активтерді анықтау және жекешелендірілетін объектілердің бекітілген тізімін кеңейту ұсынылады. Мемлекет қатысатын жаңа инвестициялық жобаларды мемлекеттің капиталға қатысу үлесі 50% аспайтын МЖӘ шеңберінде жүзеге асыру ұсынылады.

5. Кәсіпкерлердің құқығын қорғау.

Заңнаманың және негізгі даму бағдарламаларының тұрақтылығы қамтамасыз етілуі, экономикалық қылмыстар мен құқық

бұзушылықтарды криминалсыздандыру жүргізілуі, сондай-ақ дауларды сотқа дейінгі реттеу әлеуеті пайдаланылуы тиіс.

6. Сапалы инфрақұрылымға және ақпаратқа қол жеткізу. Шығындар туындаған жағдайда бизнестің бәсекеге қабілеттілігін таргеттендіру мақсатында, толыққанды және ашық жер нарығын құру, тариф белгілеудің ынталандыру әдістеріне көшу, сондай-ақ өнеркәсіптік инфрақұрылыммен толыққанды қолдауды қамтамасыз ету

ұсынылады. Бұдан басқа, бизнестің ақпаратқа қол жеткізуін оңтайландыру негізгі бағыт болуы тиіс.

7. Адами капиталдың сапасын арттыру.

Ауқымды реформалар құзыреттіліктерді арттыруға ерекше назар аудара отырып, білім беруге жұмсалатын бюджеттік шығыстарды елеулі көбейту (сөзсіз тиімділігін арттыра отырып), көші-қон саясатын одан әрі либералдандыру, дуальды және салалық білім беруді дамыту секілді мәселелерді қамтуы тиіс.

КӘСІПКЕР КЕЛБЕТІ

- Қазақстанның ШОК¹ — бұл 26,2% ЖІӨ, 17% экспорттың, 33% жұмыспен қамтылғандардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің 99%-дан астамы
- Еліміздегі кәсіпкерліктің 83,4%-ы — заңды тұлғалар ретінде құрылмаған субъектілер (ЖК және Ш(Ф)Қ)
- Ірі кәсіпорындар санаулы ғана (барлық субъектілердің 0,2%-ы)
- Шағын кәсіпкерлік сауда саласына, қызмет көрсетудің өзге де секторларына және ауыл шаруашылығына маманданған
- Орта және ірі кәсіпорындар басым жағдайда өнеркәсіп секторында қамтылған
- Еліміздің квазимемлекеттік секторы активтерінің мөлшері ЖІӨ-нің 60%-н құрайды
- Еліміздегі кәсіпкерлердің 26,4%-ы — «мұқтаждық бойынша» кәсіпкерлікпен айналысатындар²
- Әлеуетті кәсіпкер — 25-34 жас шамасындағы ер адам

Кәсіпкерлердің сипаттамасы

¹ 2014 жылдың қорытындысы бойынша

² Global Entrepreneurship Monitor жіктеуі бойынша бұл санат басқа кіріс көзінің болмауы салдарынан кәсіпкерлікпен айналысуға мәжбүр

2016 жылдың басында Қазақстанда **1 332 762** кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істеді. Субъектілердің басым бөлігін жеке кәсіпкерлер мен шаруа (фермерлік) қожалықтары құрайды.

Бұл ретте ірі кәсіпорындар саны жұмыс істеп тұрған субъектілердің тек 0,2%-ын құрайды.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2016 ж.

Субъектілердің 99,8%-ы шағын және орта кәсіпкерлікке (бұдан әрі – ШОК) жатқызылады.

Ірі кәсіпорындар мен ШОК субъектілерінің осындай арақатынасы **әлемнің дамыған елдеріне де тән.** Сонымен, жұмысшыларының саны 250-ден асатын кәсіпорындардың (Қазақстандағы ірі кәсіпорындардың баламасы) үлестік салмағы Германияда 0,49%, Канадада - 0,26%,

Ұлыбританияда - 0,28%, Испанияда 0,12%-ды құрайды. ЭЫДҰ елдері бойынша орташа алғанда бұл көрсеткіш 0,2% деңгейінде.



Дереккөз: oesd.stat.org³
Кезең: 2012 ж.

ЭЫДҰ елдерінде ірі кәсіпорындардың үлесі Қазақстандағыдай 0,2%-ды құрайды

Мұнымен қатар, қазақстандық ірі кәсіпорындардың ерекшелігі олардың ішінде мемлекеттік және квазимемлекеттік кәсіпорындар үлесінің көптігі болып табылады. Сонымен, республикада жұмыс істеп

³ ЭЫДҰ елдерінде ШОК субъектілерінің аражігін ажырату үшін барынша жиі пайдаланылатын критерий – жұмысшылар саны. ШОК кәсіпорындары үшін қызметкерлер саны 250 адамнан кем болуы тиіс.

тұрған 2419 ірі кәсіпорынның 627-сі мемлекеттік болып табылады, ал 500-ден астамы – мемлекетпен үлестес.

Сарапшылардың бағалауы бойынша, еліміздегі квазимемлекеттік сектор активтерінің мөлшері ЖІӨ-нің 60%-на жетті.

Нәтижесінде 2014 жылы тек «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тобы мемлекеттік бюджеттің салық кірістерінің 20%-ын төледі (1 048 млрд теңге).

Қазақстанда мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысу үлесі елеулі

Салаларға бөліп көрсететін болсақ, субъектілердің барынша көп саны (70%) ауыл шаруашылығында, сауда саласында және қызмет көрсетудің өзге де салаларында шоғырланған.


Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың салалар бойынша құрылымы

сауда	437 678
ауыл шаруашылығы	357 542
өзге де қызметтер	135 279
көлік және қойма	87 051
жылжым. мүлік...	65 250
құрылыс	48 132
өңдеу	35 179
кәсіби қызмет	32 684
әкімшілік қызмет...	31 946
тұрмыс саласына...	27 876
білім беру	21 560
ақпарат және...	14 095
өнер және демалу	9 876
мемлекеттік басқару	9 310
денсаулық сақтау	8 444
қаржы	5 879
тау-кен өндірісі	2 052
сүмен жабдықтау	1 997
электрмен...	932

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2016 ж.

Бұл ретте **шағын кәсіпкерлік субъектілерінің** сауда мен ауыл шаруашылығына **мамандануы**, ал **ірі және орта кәсіпкерлік субъектілерінің** өнеркәсіпке **мамандануы** айқын байқалады.

Бұдан басқа, ірі және орта кәсіпорындар елеулі деңгейде мемлекеттік басқару, білім беру және денсаулық сақтау салаларында орын тапқан, бұл олардың құрамында мемлекеттік кәсіпорындар көптігінің салдары болып табылады.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2016 ж.

Өңірлерге бөліп көрсеткенде, субъектілердің көпшілігі Алматы қаласы мен Алматы облысында, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан мен Шығыс Қазақстан облыстарында және Астана қаласында шоғырланған. Аталған субъектілердің сандық сипатына қарағанда шағын және орта бизнестің Қазақстан экономикасына қосқан үлесі айтарлықтай төмен. ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің қосылған құн үлесі 2014 жылдың қорытындысы бойынша 26,2%-ды құрады.

2011-2013 жылдар бойына ШОК экономикаға қосқан үлесі 17% деңгейінде бағаланған болатын, 2014 жылы ШОК үлесінің күрт артуы статистикалық есептеу әдістерінің өзгеруімен байланысты⁴ болды.

⁴ 2014 жылдан бастап мемлекеттік статистика мақсаттары үшін тек қызметкерлердің орташа жылдық саны критеріі пайдаланылады

өңірлер негізінен қызмет ұсыну саласына және ауыл шаруашылығына маманданданған.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2016 ж.

Бағалық көріністе еліміздің ЖІӨ-ге ШОК-тың қосқан үлесі шамамен 10,7 трлн теңгені құрады, оның ішінде 4,1 трлн теңгені орта кәсіпорындар, 6,6 трлн теңгені – шағын кәсіпкерлік субъектілері қосып отыр (2014 жыл).

Бұл ретте, әлемнің дамыған елдерінде ШОК экономикаға елеулі үлес қосады. ЭЫДҰ елдері бойынша ШОК-тың ЖІӨ-дегі орташа үлесі шамамен 60% құрайды, оның ішінде Данияда - 61%, Германияда - 55%, Италияда - 68%.



Дереккөз: oesd.stat.org⁵
Кезең: 2012 ж.

Өңірлерге бөліп көрсеткенде, ШОК субъектілері Астана мен Алматы қалаларының, сондай-ақ Батыс Қазақстан мен Алматы облыстарының ЖӨӨ елеулі бөлігін өндіреді.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2016 ж.

ШОК басым жағдайда сервистік және ауылшаруашылық ерекшелігі бар өңірлердің ЖӨӨ-

⁵ ЭЫДҰ елдерінде ШОК субъектілерінің аражігін ажырату үшін барынша жиі пайдаланылатын критерий – жұмысшылар саны. ШОК кәсіпорындары үшін қызметкерлер саны 250 адамнан кем болуы тиіс.

не елеулі үлес қосады

Қазақстанда ірі бизнес дәстүрлі түрде Қазақстан экономикасының дамуына негізгі үлес қосып отыр — 2014 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ 73,8%. Өңірлерге бөліп көрсеткенде, экономикадағы ірі бизнестің ең көп үлесі Атырау, Қызылорда, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарына тиесілі (85% астам). Еліміздің ЖІӨ-дегі ірі бизнестің қосылған құны шамамен 30 трлн. теңгені құрайды.




Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2014 ж.

Өндіру және өңдеу өнеркәсібі дамыған өңірлерде ірі бизнестің

үлесі жоғары

Кәсіпкерліктің экономикалық рөлін сипаттайтын тағы бір аспект, бұл **экспорт қызметі**. Қазақстандық ШОК субъектілерінің экспортқа қатысуы 17% деңгейінде бағаланады, оның ішінде үшінші елдерге экспорт – 14,7%, ал ЕАЭО елдеріне – 40,6%.





Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2014 ж.

Дамыған елдерде экспорт қызметіне ШОК барынша белсенді қатысады. Сонымен, Германияда ШОК-тың экспорттағы үлесі – 47%, Данияда – 54%, Бельгияда – 69%.

ЭЫДҰ елдерінде ШОК-тың экспорттағы үлесі Қазақстанның деңгейінен 3 есе көп және 53% құрайды⁶

ЕАЭО елдеріне қазақстандық экспорттың құрылымы үшінші елдерге экспорт құрылымымен салыстырғанда барынша әртараптандырылған. Құны бойынша үшінші елдерге шығарылатын экспорттың 84%-ы минералды өнімдерге тиесілі. ЕАЭО елдеріне экспорт, минералды ресурстардан басқа, металдардан және олардан жасалатын бұйымдардан, химия өнімдерінен, машиналардан және жабдықтардан тұрады.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2014 ж.

⁶2012 жылдың немесе соңғы жылдың қорытындылары бойынша

Елімізде жұмыс орындарымен қамтамасыз ету кәсіпкерлік сипаттамасының маңызды факторы болып табылады.

121,5 адам орта кәсіпорындар
6,3 адам шағын кәсіпорындар
1,5 адам жеке кәсіпкерлер
1,5 адам шаруа (фермерлік) қожалықтары

2015 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ШОК барлық жұмыспен қамтылғандардың шамамен 38%-на жұмыс беріп отыр (2014 жылы 33%). Дамыған елдерде ШОК-та халықтың елеулі бөлігі жұмыспен қамтылған. Данияда бұл көрсеткіш 65%-ға жетеді, Испанияда - 74%, Италияда - 80%, Германияда 63%.

Қазақстанның ШОК жұмыспен қамтылғандардың 38%-ын, ал ЭЫДҰ ШОК – орташа алғанда жұмыспен қамтылғандардың 69%-ын жұмыспен қамтамасыз етіп отыр

2015 жылдың соңында ШОК секторында 3,2 млн. адам жұмыспен қамтылған болатын. Орташа алғанда ШОК-тың бір субъектісінде 2,5 адам жұмыс істейді. Ал ШОК-тың жекелеген санаттары бойынша көрсеткіштер мәні бұдан да төмен. Сонымен, ЖК мен Ш(Ф)Қ-да, яғни субъектілердің 80%-нан астамында 1-2 адамнан жұмыс істейді. Әрбір шағын кәсіпорында (субъектілердің тағы 16%) орташа алғанда шамамен 6 адам жұмыспен қамтылған. Бұл ретте, орта кәсіпкерліктің бір заңды тұлғасы 120-дан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді.

Осы факт Қазақстанның көптеген ШОК санының астарында негізінен мөлшері мен өнім шығаруы бойынша шағын және ең аз қызметкерлер саны бар микро кәсіпорындар жатқандығы туралы дәйекті растайды.

Кәсіпкерлікке бизнестің көзқарасы

Кәсіпкерліктің жаһандық мониторингі (Global Entrepreneurship Monitor)

Кәсіпкерліктің жаһандық мониторингінің деректеріне сәйкес, дамыған елдермен салыстырғанда дамушы елдер **кәсіпкерлік белсенділіктің барынша жоғары деңгейін** көрсетіп отыр. Бұл дамушы елдер халқының басым көпшілігі үшін қаражат табудың шектеулі мүмкіндіктерімен түсіндіріледі. Дамыған елдерде, керісінше, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері барынша көп, осыған байланысты халықтың салыстырмалы түрде аз бөлігі кәсіпкерлікпен айналысуды қалайды. Қазақстан кәсіпкерлік белсенділігінің деңгейі бойынша **дамыған және дамушы елдер арасында** тұр (13,7%).



Дереккөз: GEM Global Report, Назарбаев университеті, ИЭИ
Кезең: 2014 ж.

Қазақстан халқы кәсіпкерлік қызметті қолайлы карьералық таңдау ретінде бағалайды, бұл жалпы алғанда барлық бұрыңғы кеңестік елдерге тән сипат.



Дереккөз: GEM Global Report, Назарбаев университеті, ИЭИ
Кезең: 2014 ж.

Сонымен қатар, қатысушылар жеке бизнестерін жүргізу мүмкіндіктерін төмен бағалайды. Халықтың бар болғаны 15,4% ғана кәсіпкер болу мүмкіндігін қарастыруға дайын, бұл бірінші кезекте, елімізде бизнесті жүргізуге кедергілер көп екендігімен байланысты.



Дереккөз: GEM Global Report, Назарбаев университеті, ИЭИ
Кезең: 2014 ж.

Жалпы алғанда қазақстандық респонденттер өздерінің кәсіпкерлік қабілеттеріне сенімді, бұл ретте халықтың өз қабілеттеріне сенімділігі көптеген дамыған елдерге қарағанда жоғары.

Жүргізілген сауалнамаларға сәйкес, Қазақстанда бизнесті жүргізу мүмкіндігі, дамыған елдерге қарағанда екі есе төмен, алайда Сингапур мен Жапонияға қарағанда жоғары. Бұл, сөзсіз, жаңа бизнестерді құру әлеуетін тежейді.



Дереккөз: GEM Global Report, Назарбаев университеті, ИЭИ
Кезең: 2014 ж.

Қазақстанда **«мүмкіндік бойынша»** ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің үлесі дамыған елдермен салыстырғанда елеулі төмен және 2014 жылы 69,1%-ды құрады. «Мүмкіндік бойынша» кәсіпкерлерік бастағандар бизнеске мүдделі және бизнес жүргізуді басты міндеті деп таниды. Өз кезегінде, **«мұқтаждық бойынша»** кәсіпкерлік бастағандар өзге табыс көздерінің болмауы салдарынан бизнеспен айналысуға мәжбүр.



Дереккөз: GEM Global Report
Кезең: 2014 ж.

Қазақстанда «мұқтаждық бойынша» кәсіпкерлік бастағандар үлесі әлемнің дамыған елдерімен салыстырғанда елеулі көп (26,4%).

Әлеуетті кәсіпкердің келбеті

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, орташа алғанда еліміздің **экономикалық белсенді халқының 18%-ын** әлеуетті кәсіпкерлер ретінде қарастыруға болады.

Әлеуетті кәсіпкерлердің гендерлік құрылымында **ер адамдардың үлесі (50,3%) әйелдердің үлесінен шамалы ғана асып түседі.**



Дереккөз: Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасы
Кезең: 2015 ж.

Қазақстанның болашақ кәсіпкерлерінің ең көп бөлігі – 25-34 жастағы жас буын (36%).

Әлеуетті кәсіпкерлердің 25% жеке бизнес бастауда бойларында

қорқыныш сезімі ұялайтындығын атайды. Бұл ретте мұндай сезім ерлерге (45%) қарағанда әйелдер арасында жиі кездеседі (55%).



Дереккөз: Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасы
Кезең: 2015 ж.

Зерттеу шеңберінде⁷ жергілікті халықтың жеке белгілері негізінде өңірлердің кәсіпкерлік әлеуеті айқындалған болатын.

Кәсіпкерлік әлеуеттегі көшбасшылар Ақтөбе облысының, Астана және Алматы қалаларының тұрғындары болып табылады. Нақ осы өңірлерде кәсіпкерлікке барынша бейімделген азаматтар тұрады.

Тұрғындары кәсіпкерлікке барынша аз бейімделген өңірлер - Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстары.

⁷ Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік карталарын қалыптастыру жөніндегі зерттеу

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ

«ЭЫДҰ елдерінің болашақ ұзақмерзімді қарқыны ескерілгендегі индикаторлары – әлемнің 30 дамыған мемлекетінің қатарына кіру жолындағы базалық бағдарымыз осы»


Н.Ә. Назарбаев

«Қазақстан-2050» стратегиясында Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру мақсаты қойылған. Мемлекет басшысы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында ЭЫДҰ елдерінің индикаторларын әлемнің 30 дамыған елінің қатарына кіру үшін базалық бағдарымыз деп атады. Осы мақсатқа қол жеткізу жолы мемлекет тарапынан батыл шараларды және кәсіпкерлік қоғам тарапынан жоғары еңбек өнімділігін талап етеді.

Қазақстанның ұзақмерзімді дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі **2050 жылға қарай жан басына шаққандағы ЖІӨ-ні 60 мың долларға дейін арттыру және ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесін 50%-ға жеткізу** болып табылады. ЭЫДҰ деректеріне сәйкес, өз кезегінде, ЖІӨ-дегі ШОК үлесінің 50%-на⁸ өзге индикаторларды – **еңбек өнімділігін, жұмыспен қамтудағы ШОК үлесін, экспорттағы ШОК үлесін, 1000 адамға шаққандағы ШОК-тың орташа мөлшері мен санын**⁹ жақсарту жолымен жетуге болады.

⁸ 2014 жылы 26,2% мөлшерінде ЖІӨ-дегі ШОК үлесіне статистикалық есепке алу әдіснамасын өзгерту нәтижесінде қол жеткізілген болатын

⁹ Экспорт, жұмыспен қамту және еңбек өнімділігі бойынша ЭЫДҰ көрсеткіштерін қоспағандағы 2014 жылғы деректер. Бұл 2012 жылғы немесе соңғы қолжетімді жылдағы көрсеткіштер.




Еліміздің ЖІӨ-дегі ШОК үлесінің индикаторы

«Қазақстан – 2050» Стратегиясына сәйкес 2050 жылға қарай еліміздің ЖІӨ-дегі ШОК үлесі 50%-дан кем болмауы тиіс. Қазақстанның ағымдағы көрсеткіші 26,2% құрайды.

2050 жылға қарай еліміздің жан басына шаққандағы ЖІӨ-ні 60 мың долларға дейін арттыруды ескере

отырып, осы индикаторға қол жеткізу үшін, ШОК өсімінің ірі кәсіпорындарға қатысы бойынша өсім қарқынын қамтамасыз ету қажет.


Ірі сектордың өсуі 3,2% болған кезде, ЖІӨ-дегі ШОК үлесі жыл сайын 6,2% өсуі тиіс



Ескертпе: 2014 ж. деректер

McKinsey & Company халықаралық консалтингтік компаниясының бағалауы бойынша, қазақстандық ШОК өсімінің ең үлкен әлеуеті қосылған құны жоғары секторларда шоғырланған, атап айтқанда кәсіби

қызметтер көрсетуде, жүктерді тасымалдау мен логистикада, қаржы қызметтері мен телекоммуникацияда. Осы секторлардың ШОК үлесінің өсіміне жиынтық салымы 74%-дан кем болмауы тиіс.



Еңбек өнімділігі индикаторы

ЭЫДҰ стандарттары бойынша¹⁰ бір қызметкердің еңбек өнімділігі шамамен 46,5 долл./сағ. құрайды. Осы деңгейге қол жеткізу үшін Қазақстанға еңбек өнімділігін 2 еседен астам арттыру қажет.

Еңбек өнімділігін арттыруға өндірісті техникалық жаңғырту есебінен, сондай-ақ еңбек ресурстарының біліктілігін арттыру есебінен де қол жеткізу мүмкін.

Көп жағдайда штаттық санды оңтайландырумен қатар жүретін өндірістерді техникалық жаңғырту

еңбек нарығындағы ұсыныстың тепе-тең өсуімен теңдестірілген болуы тиіс екендігін атап өту қажет.

Білім беруге жұмсалатын бюджеттік шығыстардың өсуі ағымдағы экономикалық жағдайларда қосымша драйвер болып табылады. Қазақстанда осындай шығыстардың жылдық көлемі орташа алғанда ЖІӨ-нің 3,8%-ын құрайды, ал ЭЫДҰ елдерінде бұл көрсеткіш 5,1% құрайды.


¹⁰ ЭЫДҰ стандарттары ретінде осы жерде және бұдан әрі ЭЫДҰ елдері көрсеткіштерінің орташа мәндері көрсетіледі.

Жұмыспен қамтудағы ШОК үлесін анықтайтын индикатор

Жұмыспен қамтудағы ШОК үлесін анықтайтын индикатор ЭЫДҰ елдері бойынша 68% құрайды. Қазақстанда осындай көрсеткіш 2014 жылы жұмыспен қамтылғандардың 33% деңгейінде, ал 2015 жылдың қорытындысы бойынша 38%-ға дейін өсті.

Осы көрсеткішті жаңа шаруашылық жүргізуші субъектілер құру есебінен, бірінші кезекте, өзін-өзі жұмыспен қамтитын халықтың қызметін реттеу арқылы арттыруға болады. Еліміздің жеткілікті орасан әлеуеті бар, себебі өзін-өзі жұмыспен қамтитындардың

жұмыспен қамтылғандар арасындағы үлесі 28%, оның ішінде ауыл шаруашылығында - 48%, саудада - 26%.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2014 ж.

ЭЫДҰ елдерінде өзін-өзі жұмыспен қамтитындардың үлестік салмағының орташа мәні 17%-дан аспайды.

1000 адамға шаққандағы ШОК санының индикаторы

Кәсіпкерлік белсенділікті анықтаудың ЭЫДҰ негізгі индикаторларының бірі 1000 адамға шаққандағы ШОК саны болып табылады. ЭЫДҰ елдерінде аталған көрсеткіштің мәні орташа алғанда 1000 адамға 38 ШОК-ты құрайды.

Қазақстанда бұл көрсеткіш ЭЫДҰ елдерінің деңгейінде тұр - 1000 адамға

39 ШОК¹¹. Мұны ел тұрғындарының кәсіпкерлік қызметпен айналысуға жоғары мүдделілігімен түсіндіруге болады, алайда барынша ықтимал түсіндірме қазіргі фискалдық саясаттың шеңберінде кәсіпкерге жұмыс істеп тұрған бизнесті ірілендіруден гөрі, тағы бір субъект (ЖК, Ш(Ф)Қ) құру тиімді болып табылады.

¹¹ KPMG бағалауы

Сонымен бірге, соңғы уақытта осы индикатор бойынша жағымсыз үрдіс байқалады. Сонымен, 2014 жылы құрылған кәсіпорындардың саны таратылған кәсіпорындар санынан 14 385-ке асып түсті, ал 2015 жылы кәсіпорындар өсімі 6008-ге дейін қысқарды.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2012-2015 жылдар

Барлық таратылған кәсіпорындардың 43% сауда секторына тиесілі. Екінші орында құрылыс саласының кәсіпорындары (12%).

Тағы бір өзекті мәселе жұмыс істемей тұрған кәсіпорындардың жоғары үлесі

болып табылады, олар шамамен 35-40% құрайды. **Бұл фактор шаруашылық жүргізуші субъектілерді жабу рәсімінің күрделі екендігін куәландырады, бұл кәсіпкерлер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерімен де расталады.**



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2010-2015 жылдар

Бұл таратылған кәсіпорындардың көрсеткіші секілді, жұмыс істемейтін кәсіпорындар тобының негізін сауда саласы, өзге де қызметтер және құрылыс салаларындағы кәсіпорындар құрайды. Олардың жұмыс істемейтін кәсіпорындар санындағы жиынтық үлесі 60% құрайды.

Компанияның орташа мөлшерінің индикаторы

Қазақстанда компанияның орташа мөлшері бағалық көріністе 22 мың долларды құрайды¹². Ал ЭЫДҰ

елдерінде осындай көрсеткіш **9 есе көп** және 200 мың долларды құрайды.

Көрсеткіштің осыншама төмен болуы кәсіпорындар кірісінің төменділігімен, сондай-ақ қазіргі фискалдық реттеу, әкімшілік заңнама, мемлекеттік қолдау

¹² 2014 жылғы деректер

шаралары кәсіпкерлерді өзінің өсіп келе жатқан бизнесін жекелеген субъектілерге саралауға итермелейтіндігімен байланысты болуда.

Экспорттағы ШОК үлесінің индикаторы

2014 жылдың қорытындысы бойынша ШОК субъектілерінің жиынтық экспорттағы үлесі 17% құрады. ЭЫДҰ елдерінің осындай көрсеткіші Қазақстанның көрсеткішінен 3 есеге асып түседі және 53% құрайды. Бұған дейін атап кеткеніміздей, осындай төмен көрсеткіш әлі күнге дейін минералды өнімдер басым болып отырған қазақстандық экспорттың құрылымымен байланысты болып отыр.

Компанияның орташа мөлшерінің өсуіне аталған кедергілерді алып тастау есебінен қол жеткізуге болады.

Осылайша, бұл көрсеткішті арттыру экспортты әртараптандыру мәселелерімен тікелей байланысты.

Бұл ретте, Қазақстанның үшінші елдерге экспортының құрылымымен салыстырғанда, ЕАЭО елдеріне экспортының әртараптандыру деңгейінің барынша жоғары екендігін ескере отырып, бірінші кезекте ЕАЭО елдерінің нарықтарына шығарылатын экспортта, мемлекет пен «Атамекен» ҰҚП тарапынан көрсетілетін кешенді қолдау барынша тез және елеулі нәтижелер беруі мүмкін.

МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ ҚҰРАЛДАРЫ

2050 жылға қарай мақсатты индикаторларға қол жеткізу оңай шаруа емес және жан-жақты ойластырылған шараларды талап етеді. «Атамекен» ҰКП Қазақстанның экономикасын «мұқият реттеу» тек пәрменді және заманауи құралдарды

пайдалану арқылы мүмкін екендігіне көз жеткізе отырып, оларды құру бойынша мақсатты жұмыстар жүргізді. Қазірдің өзінде бизнес мәселелерін шешуде сапалы жаңа деңгейге шығуға көмектесетін екі қалыптастырылған құралды пайдалану ұсынылып отыр.

«Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасы» зерттеуі	Кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі
<p>Төмендегілерді қамтитын кешенді құрал:</p> <ul style="list-style-type: none"> ▪ Әр өңірдің жекелеген аудандарының қызметіндегі басым және перспективалық бағыттарды айқындау; ▪ Қызметтің басым және перспективалық бағыттарын дамытудағы кедергілер мен шектеулерді айқындау; ▪ Кедергілерден өту бойынша шешімдер мен нақты шаралар топтамасы; ▪ Игерілмеген жобалар қоржыны. 	<p>«Атамекен» ҰКП «күнделікті қолданыс» құралы. Мемлекеттік органдар мен даму институттарының бірнеше дербес ақпарат көздерін біріктіретін, кәсіпорындардың бірегей деректер базасы. Алдағы уақытта тізілімде келесі ақпараттар жинақталатын болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ▪ еліміздегі барлық кәсіпкерлік субъектілері; ▪ барлық отандық өндірушілер; ▪ барлық сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар; ▪ мемлекеттік қолдауды алушылар туралы ақпараттар.

Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасы – бірінші кезекте кәсіпкерлерге арналған ақпараттық-талдау базасы. Мемлекет осы құралды өңір мен саланың бәсекелік артықшылықтарына негізделген, өңірлік, салалық, секторлық бөліністегі экономиканың дамуын есепке ала отырып,

кәсіпкерлерге топтастырылған қолдау көрсетуді жүзеге асыру үшін пайдалана алады.

Бизнес-ортаның өзгеруіне мониторинг жүргізу мақсатында «Атамекен» ҰКП «Іскерлік ахуал» рейтингі құралын да пайдалануға болады деп санайды. Бұл рейтинг еліміздегі бизнес-ахуалдың

ағымдағы жай-күйін жыл сайын анықтап отыруға, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған кәсіпкерліктің ахуалы мен жағдайын айқындауға мүмкіндік береді. «Іскерлік ахуал» рейтингін жыл сайын ұсынылатын және енгізілетін өзгерістерді анықтау бөлігінде «Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік карталары» зерттеуі толықтыра алады. «Атамекен» ҰКП Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің базасында экономикада, ауыл шаруашылығында, денсаулық сақтауда,

қаржыда, инновациялық дамуда және т.б. салаларда Қазақстанның ЭЫДҰ стандарттарына қол жеткізуінің жыл сайынғы ілгерілеуін зерделейтін және бағалайтын **ЭЫДҰ елдері индикаторларының жетістіктеріне мониторинг жүргізу және бағалау құралын** құруды ұсынады. Бұл ретте, «Атамекен» ҰКП өз тарапынан аккредиттелген қауымдастықтар базасында салалық статистикалық деректердің бір бөлігін жинауды ұйымдастыруды ұсынады.

КЕДЕРГІЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

«Көпшілік бизнесмендер үшін әкімшілік кедергілер
– олар үшін асу бермес Гималай»

Н.Ә. Назарбаев

Бизнесті жүргізу жағдайлары «Іскерлік ахуал» зерттеуі шеңберінде айқындалған. Рейтингінің негізін респонденттердің әкімшілік реттеу, жылжымайтын мүлік және инфрақұрылым, адам ресурстары, қаржы ресурстары және мемлекеттік қолдау сияқты кәсіпкерлікті дамытудың 5 негізгі факторларын бағалауы құрайды. 4 балдық межеге сәйкес, 2015 жылғы еліміздегі бизнес-ортаның ең осал факторы – әкімшілік реттеу. Адам ресурстары 4 ықтимал балдың 3-ін иеленді, бұл рейтингтің бес факторы арасындағы үздік баға болып табылады.

Әкімшілік реттеу	Жылжымайтын мүлік және инфрақұрылым	Адам ресурстары	Қаржы ресурстары	Мемлекеттік қолдау
1,8	2,6	3	2,5	2,6

Бағалау нәтижелерімен бизнесті жүргізу жағдайлары бойынша өңірлердің рейтингі айқындалды. Рейтинг кәсіпкерлердің субъективтік пікірлері негізінде жасалған және ЖАО қызметінің тікелей бағалануы болып табылмайды.

Кәсіпкерлердің пікірі бойынша кәсіпкерлікті дамыту үшін ең қолайлы жағдай Астана қаласында жасалған (2,7 балл). Былтырғы жылмен салыстырғанда Астана өз позициясын 4 тармаққа көтерді. Сондай-ақ, бизнес ахуалдың жақсарғандығын Қарағанды

(+6), Атырау (+6) және Алматы (+5) облыстары көрсетті.



Дереккөз: «Іскерлік ахуал» рейтингі
Кезең: 2015 ж

«Іскерлік ахуал» рейтингі бойынша көшбасшылар үштігіне Астана қаласымен қатар Ақтөбе облысы және Алматы қаласы кіреді. Рейтингті былтырғы жылмен салыстырғанда 2015 жылы өз позицияларын елеулі төмендеткен Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстары аяқтайды. «Іскерлік ахуал» рейтингінде бизнес-ортаның әрбір факторы бойынша жеке талдау бар, ол кедергілердің негізгі түрлері бойынша ақпарат береді.

Осы бөлімде жүргізілген зерттеудің¹³ нәтижелері бойынша анықталған, кәсіпкерлік қызметтің дамуын тежейтін кедергілер мен шектеулер қаралған, сондай-ақ олардан өту шаралары ұсынылған. Кедергілер мен ұсыныстар 5 бағыт бойынша топтастырылған: өткізу нарықтарының қолжетімділігі, қаражаттың қолжетімділігі, адам ресурстарының қолжетімділігі және сапасы, инфрақұрылымның болуы және қолжетімділігі, кәсіпкерлер құқықтарының қорғалуы деңгейінің төмендігі.

Өткізу нарықтары қолжетімділігінің төмендігі


¹³ Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасын қалыптастыру бойынша зерттеу

Мемлекет басшысы ұзақмерзімді перспективада Қазақстанның экономикасына қазақстандық өнімдерді өткізу нарықтарының тарылуы кері ықпал етуі мүмкіндігін атап өтті¹⁴.

Алайда бұл қауіп қазірдің өзінде байқалуда. Жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша¹⁵ сұралған 6,2 мың кәсіпкердің ішіндегі 5 мың кәсіпкер өнімді өткізуді өзекті мәселе деп санайды, бұл оны маңыздылық деңгейі бойынша бірінші орынға қояды.

Отандық кәсіпкерде **өз өнімін өткізудің екі бағыты бар**: сыртқы және ішкі.

Елдің **сыртқы нарығы** қарқынды қысқаруда. Соңғы 3 жылда экспорттың ақшалай көлемі екі есеге дерлік азайды.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2013-2015 жылдар

2015 жылы экспорт 2014 жылмен салыстырғанда 43%-ға қысқарды

Экспорттың құлдырауы шикізат ресурстарына деген бағаның төмендігімен, сондай-ақ негізгі серіктестер тарапынан сұраныстың құлдырауымен байланысты.

	2014, млрд долл.	2015, млрд долл.	қысқаруы, %	
			Бағасы бойынша.	Саны бойынша
мұнай және шикі мұнай өнімдері	53,6	26,8	50,1%	7%
мұнай және мұнай өнімдері, шикіден басқа	2,98	1,37	54%	3,5%
көмір	0,56	0,44	22%	0,3%
ферроқорытпала р	1,84	1,36	26,2%	7,6%
темір мен болат илектер	1,2	0,94	21%	2,8%
қорғасын	0,21	0,19	10%	өсімі 1%

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2014-2015 жылдар

Мысалы, мұнай мен шикі мұнай өнімдерінің экспорты бағасы бойынша 50%-ға, ал көлемі бойынша бар болғаны 7%-ға қысқарды. Ферроқорытпалардың экспорты бағасы бойынша 26%-ға қысқарды, ал тиелген өнімнің көлемі бар болғаны 7,2%-ға ғана азайғаны байқалады.

2015 жылы еліміз Қытайға тауарларды 2014 жылмен салыстырғанда 44%-ға кем экспорттады (көлемі бойынша

¹⁴ 2015 жылғы 19 тамызда өткен Экономикалық саясаттың жүйелі шаралары жөніндегі кеңес

¹⁵ Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлерден сұрау 2015 жылдың 3-тоқсанында «Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасы» зерттеуі шеңберінде жүргізілді.

39%). Сонымен қатар, еліміздің географиялық орналасуына және жаһандық теңіз көлігі арналарына шығу жолдарының болмауына байланысты объективтік шектеулер де бар. Осындай жағдайларда, барынша келте көлік жолдары бар шикізаттық емес өнімдер экспорты көршілес елдердің экономикалық жағдайларына барынша тәуелді.

2015 жылы Ресей импорты долларлық көріністе бірден 38% қысқарды, ҚХР – 14%, Кавказ елдері – 22%¹⁶.




Дереккөз: UN Comtrade
Кезең: 2001-2015 жылдар

Бұл ретте, Қазақстанның осы нарықтарға қолжетімділігі де қысқарады. Мысал үшін, Ресейдің жалпы импортындағы еліміздің үлесі 2001 жылғы 4,8%-дан 2013 жылы 1,8%-ға дейін төмендеді және біртіндеп 2015 жылы 2,6%-ға дейін өсті. Сонымен бірге, қазақстандық өңделген өнімнің экспорты үшін басты әлеуетті өткізу

нарығы болып негізінен Ресей табылады.

Шағын және орта бизнес сыртқы нарықтарға қол жеткізу проблемасын жеке деңгейде шешуге, әсіресе, әкімшілік, кедендік-тарифтік және тарифтік емес кедергілерді азайтуға қауқарлы емес. Қазіргі сәтке дейін мемлекеттік сыртқы сауда саясатының тиісті құралдары толық көлемде іске қосылып отырған жоқ, экспортқа айқын бағдарлану жоқ.

Экспорттың қысқаруы, өз кезегінде, ішкі нарықтың да тарылуына алып келді. Экономика өсуінің нақты қарқындары 2010 жылғы 7,3%-дан 2015 жылы 1,2%-ға дейін төмендеді. Өз кезегінде, соңғы тұтыну динамикасы бар болғаны 2 жыл ішінде 10,5%-дан 2,8%-ға дейін баяулады¹⁷.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2005-2015 жылдар

¹⁶ UN Comtrade

¹⁷ ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Ішкі нарықты отандық өніммен қамту бойынша объективті кедергі халықтың өндіріс орталықтарына топтануы деңгейінің төмендігі болып табылады (53%), бұл сұранысты шашыраңқы етеді және көлік пен әкімшілік шығындарын арттырады. Осы көрсеткіш бойынша еліміз аумағы мен халқының орналасу тығыздығы бойынша салыстыруға келетін елдерден елеулі артта қалып отыр: Моңғолия (71%), Ресей (74%), АҚШ (81%), Канада (82%), Австралия (89%), Аргентина (92%)¹⁸.

Бұл ретте, өнімді еліміздің ішкі нарығында өткізу әлі де болса кәсіпкерлер үшін көптеген проблемалармен қатар жүруде. Ол өз күшімен еңсере алмайтын жүйелік кедергілер.

Сонымен, бизнеспен өткізілген кездесулерде¹⁹ келесі шектеулер барынша жиі айтылды:

1. Дамыған дистрибьютерлік және бөлшек сауда желісінің, сондай-ақ отандық өндірушілердің өкілдері желісінің **жоқтығы;**

2. Тұтынушылар, делдалдар және өндірушілер арасында **ақпарат алмасудың жоқтығы;**

3. Өңірлерде өнімдерді тасымалдау, тиеу, ұзақмерзімді сақтау және өткізу үшін **инфрақұрылымның жетіспеуі.**

Қазақстандық өнімді өткізудің өзекті мәселесі сауда желілері мен супермаркеттерге қол жеткізудің шектеулігі болып табылады. Бүгінгі таңда қатардағы кәсіпкерге ірі сауда желілерінің сөрелеріне жету өте қиын. Негізгі себеп қойылатын талаптарға сәйкессіздігі болып табылады. Бұл үлкен көлемдердегі жеткізулердің жүйелігіне, қаптамаға, брендтің танымалдығына және т.б. қойылатын талаптар.

Кәсіпкерлердің келесі бір бөлігі бүгінгі таңда мемлекеттік сатып алуларға, ұлттық компаниялардың, жер қойнауын пайдаланушылардың және жүйеқұраушы кәсіпорындардың сатып алуларына қатысумен байланысты проблемалардан туындайтын қиындықтарды сезінуде. «Атамекен» ҰКП-ға келіп түскен 7200 өтініштің²⁰

¹⁸ Дүниежүзілік банк

¹⁹ «Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасы» зерттеуі шеңберінде еліміздің өңірлерін аралау ұйымдастырылған болатын.

²⁰ «Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасы»

жобасы шеңберінде 2013 жылғы қазан – 2015 жылғы шілде аралығында «Атамекен» ҰКП-ға келіп түскен 7200 өтінішке талдау жасалған болатын

22% сатып алуларға қол жеткізудің шектеулігі туралы шағымдарға жатқызылады. Кәсіпкерлер келесі кедергілердің барын атап отыр:

1. СТ-KZ сертификаттауының жетілдірілмегендігі

Көп жағдайда отандық тауар өндіруші сертификаты іс жүзінде өндірістік қуаттылығы жоқ кәсіпкерлерге беріледі.

2. Қазақстандық қамту үлесін айқындау рәсімінің жетілдірілмегендігі

Қазақстандық қамтудың үлесі Қазақстанда көрсетілген қызметтерді енгізу есебінен негізсіз арттырылады. Олардың ТЖҚ жалпы құнындағы үлесі 50%-ға дейін жетеді.

3. Баға – іріктеудің басты критерии

Тендерді немесе конкурсты құны ең төмен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді беруші кәсіпкерлер ұтады. Сапа сипаттамасы айқындаушы болып табылмайды.

Ағымдағы жағдайларда сатып алуларға мүдделі бизнесменнің барлық күш-жігері көп жағдайда конкурстық өтінімнің құнын төмендетуге және әкімшілік ресурстың рөлін күшейтуге бағытталған, соңғысы көп жағдайда

сатып алуларға қатысу кезінде конкурсты ұтып алуға мүмкіндік береді. Өткізу нарығының жай-күйіне әсер ететін тағы бір маңызды фактор – Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) қатысуы. Елдерді ДСҰ құрамында болуға ынталандыратын көптеген мүшелік артықшылықтарымен қатар, ел экономикасы үшін теріс салдарлары да болуы мүмкін. ДСҰ-ның отандық кәсіпкерлер үшін теріс әсерінің келесі үш аспектісі бар:

1. Үшінші елдердің тауар өндірушілерінің ішкі нарыққа кіруінің **тарифтік кедергілерінің төмендеуі:**

- тауарларға қатысты орташа өлшемді кедендік тарифтің 10,4%-дан 6,5 %-ға дейін төмендеуі болжанады;

- ауылшаруашылық тауарлары үшін кедендік баждардың орташа деңгейі 10,2 % (БКТ шеңберіндегі 17% салыстырғанда), ал өнеркәсіптік тауарлар үшін – 5,6% (БКТ шеңберіндегі 8,7% салыстырғанда) құрайды.

- ірі қара мал етіне тарифтік квоталардың мөлшерлерін 10 мың тоннадан 21 мың тоннаға дейін, құс етіне 110 мың тоннадан 140 мың тоннаға дейін ұлғайту жоспарлануда;

- тарифтік мөлшерлемелер металлургияда – 139, машина жасауда – 273, жеңіл өнеркәсіпте – 157, химия саласында – 21, құрылыс материалдарында – 54, фармацевтикада – 15 позиция бойынша төмендейтін болады;

2. Шетелдік компаниялар үшін көрсетілетін қызметтердің **ішкі нарығына қолжетімділіктің ашылуы.**

Қазақстан шетелдік компаниялардың көрсетілетін қызметтердің 10 секторына, оның ішінде телекоммуникациялар, сақтандыру, банк қызметтері, көлік, туризм, сауда және т.б. салалардағы 116 кіші секторға (ДСҰ жіктеуінде көзделген 155 кіші сектордан) қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

3. Отандық кәсіпкерлерге мемлекеттік **қолдау көрсетілуінің қысқарылуы:**

- экспортпен және импортты алмастырумен байланысты барлық субсидияларға тыйым салынуы тиіс;

- квазимемлекеттік сектордың коммерциялық қайта сату мақсатында сатып алуларындағы жергілікті қамту талаптары жойылуы тиіс;

- жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардағы жергілікті қамту талаптары 2021 жылға дейін жойылуы тиіс;

- ауылшаруашылық тауарларын өндірушілер мен ауылшаруашылық тауарларын қайта өңдеушілер үшін салық жеңілдіктерін (атап айтқанда ҚҚС бойынша) 2018 жылға дейін жою жоспарлануда;

- АЭА қатысушылары мен Қазақстанның еркін қоймалар иелері үшін кедендік жеңілдіктерді 2017 жылға дейін жою жоспарлануда;

- автомобиль өнеркәсібінде өнеркәсіптік құрастырудың қолданыстағы келісімдерінде қолданылатын тарифтік жеңілдіктер 2018 жылғы 1 шілдеге дейін жойылуы тиіс;

Осылайша, ағымдағы жағдайларда сыртқы нарықтың да, ішкі нарықтың да тарылу үдерісі бар. Мемлекеттік сатып алуға мүдделі кәсіпкерлерді әкімшілік ресурстың күшейтілуі алаңдатады. Ал елдің ДСҰ мүшесі ретінде өзіне жүктелетін міндеттемелерді орындауы отандық кәсіпкерлер үшін жаңа қиындықтар тудырады.

ҰСЫНЫЛАТЫН ШЕШІМДЕР

1

Мемлекеттік саясатты экспортқа бағдарлау

Индустрияландырудың екінші бесжылдығының бекітілген бағдарламасын кедендік-тарифтік, тарифтік емес және техникалық реттеу, еліміздің ішіндегі және негізгі сыртқы өткізу нарықтарындағы әкімшілік және бюрократиялық кедергілерді төмендету, сауда операцияларын оңтайландыру бойынша тиісті кешенді шаралар қабылдаумен экспортқа бағдарлау ұсынылады.

Осындай қағидат негізгі экспорт бағыттары бойынша тиісті көлік инфрақұрылымын жасау арқылы «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму бағдарламасын орындау шеңберінде ескерілуі тиіс.

саралаудан өткен ТЖҚ өндірушілерден сатып алуларды оңтайландыруды қарастыру қажет.

3

Жергілікті қамтуды дамыту

«Халықаралық шарттарға қайшы келмейтін жағдайларда қазақстандық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу артықшылығын» белгілеу.

Отандық өндірушілерді ұзақмерзімді тапсырыстармен қамтамасыз ету.

Ерекше жағдайларда мемлекеттік сатып алулар саласында тауарлардың жекелеген түрлері бойынша екі жылға дейінгі мерзімге ұлттық режимнен алуды белгілеу.

Жұмыстарды жүзеге асыру кезінде отандық материалдар мен құрамдас бөліктерді міндетті пайдалануды қарастыру.

«Атамекен» ҰҚП НМСО базасында мемлекеттік мекемелердің, ұлттық компаниялар мен жер қойнауын пайдаланушылардың, монополистер мен жүйе құраушы компаниялардың сатып алулары туралы ақпаратты біріктіру арқылы сатып алулардың бірыңғай жүйесін құру.

2

Тауарөндірушілер, жұмыстар мен қызмет ұсынушылардың біліктілік алды саралау жүйесін енгізу

«Атамекен» ҰҚП НМСО Бизнес-тізілімі алаңында, индустриалдық сертификаты болған жағдайда тауарөндірушілер, жұмыстар мен қызмет ұсынушылардың біліктілік алды саралау жүйесін енгізуді ұсынады.

Сатып алулардың қазіргі рәсімдері шеңберінде (мемлекеттік сатып алулар, квазимемлекеттік сектор мен жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алулары) біліктілік алды

4

Нарықта өткізу хабтарының, көтерме сауда агенттерінің

пайда болуын ынталандыру

Ауыл шаруашылық өнімдерін сақтау, қайта өңдеу және қаптау бойынша агрохабтар, логистикалық орталықтар жүйесін дамыту. Өндірушілерге тұтынушылардың қажеттілігі туралы ақпаратты беру үшін қосылған құн тізбегіне қатысушылар арасында ақпаратпен алмасуды ынталандыру. Өндірушілерді іздестіруге және оларды халықаралық қосылған құн тізбегіне қосуға көмегін тигізетін контрактация орталықтарын құру.

Кәсіпорындар рейтингінің деңгейі тұтынушылар сенімін қалыптастыруға әсер етіп, өткізу нарығын арттыруға ынталандыратын болады.

5 Кәсіпорындардың өнімділігін арттыруды ынталандыру

«Атамекен» ҰКП НМСО Бизнес-тізілімі шеңберінде кәсіпорындардың белсенділіктерін бағалаудың ашық жүйесін енгізу ұсынылады. Бағалау критерилері: өнімділікті арттыру, инновацияларды және үздік әлемдік практикаларды енгізу, бизнестің өндірістік шығындарын төмендету.

6 Сауда желілерін қазақстандық өнімдерді сатуға ынталандыру

Бөлшек сауда желілерінің қазақстандық тауарларды сатуға мүдделіліктерін арттыру қажет. Шаралардың бірі – отандық тауарларды сатушы сауда желілеріне субсидиялар беру.


Ақша қаражаттарына қолжетімділіктің төмендігі

Салымдардың долларландырылуы және пайыздық мөлшерлемелердің өсуі

2014-2015 жылдары орын алған біртіндеп құнсыздану, сондай-ақ 2015 жылдың тамызында инфляциялық таргеттендіру режимі енгізілгеннен кейін туындаған теңге бағамының волатильділігі депозиттік базаның долларландырылуы процесінің шұғыл күшеюіне алып келді.

ҚР ҰБ монеталық саясатына және ұлттық валютаға сенім жоғалған болатын.

Ұлттық валютадағы депозиттер үлесі екі жыл ішінде елеулі қысқарды. 2014 жылдың 1 наурызында депозиттердің жалпы көлемінде теңгедегі депозиттердің үлесі **52,8%** құраған болса, 2015 жылдың 1 наурызында олардың үлесі **45,5%-ға** дейін қысқарды, ал бір жыл өткеннен кейін **2016 жылдың 1 наурызында теңгедегі депозиттердің үлесі 32,5% құрады.**




Дереккөз: ҚР ҰБ
Кезең: 2014-2016 жылдар
Депозиттер көлемінің оң динамикасы (2015 жылғы ақпан – 2016 жылғы ақпан кезеңіндегі 43,7% өсуі) нақты болып табылмайды, себебі өсім теңгенің құнсыздануы есебінен бір жылдың ішінде 94,2% өскен валюталық салымдарды қайта есептеуден туындаған. Теңгелік депозиттердің өсімі бар болғаны 2,7% құрады.

Ұлттық валютаның күрт әлсіреуі инфляциялық қатерлердің өсуін және инфляциялық процестердің дамуын туындатты, экономиканың долларландырылуын күшейтті. Нәтижесінде мемлекет тарапынан азаматтардың әлеуметтік қорғалмаған санаттарына, ағымдағы операциялық және инвестициялық қызмет бойынша қарыздарға қызмет көрсету құны олар үшін күрт көтерілген шетелдік валютадағы міндеттемелерінің деңгейі

жоғары экономика субъектілеріне дағдарысқа қарсы қолдау көрсету қажеттілігі туындады.

Инфляциялық таргеттендіру саясатына нақты көшу базалық мөлшерлеме енгізілгеннен және еркін өзгермелі бағамға бейімділік расталғаннан кейін жүзеге асырылған болатын.


ҚР ҰБ 2016 жылғы 1 ақпанда базалық мөлшерлемені 17% деңгейінде енгізгеннен кейін өтімділікті ұсыну үшін бағдар **19% мөлшерлеме болды** (базалық мөлшерлеме + 2%). Егер 2015 жылы заңды тұлғаларға кредит берудің орташа мөлшерлемесі 15,7% құраған болса, ал 2016 жылдың бірінші айларында заңды тұлғаларға кредит беру мөлшерлемесі одан да жоғары өсті. Теңгелік ресурстық базаның тарылуы және бизнесті кредиттеу мөлшерлемелерінің өсуі салдарынан, банктердің бірқатар бағдарламалары тоқтатылған болатын. Кәсіпкерлік секторының қаржыландыруға қол жеткізуі қиындады.



Дереккөз: ҚР ҰБ
Кезең: 2015-2016 жылдар

Өз капиталының жеткіліксіздігі, инвестициялар тарту құнының жоғарылығы, пайдаланылатын қаржы құралдарының волатильділігі бизнес субъектілерінің қаржы жағдайының тұрақсыздығына алып келеді.

Қолданыстағы заңнаманың жетілдірілмегендігі салдарынан туындайтын жоғары реттеу шығындары, экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындарды, атап айтқанда шағын және орта бизнес субъектілерін кредиттеуге арналған ұзақмерзімді ресурстардың жетіспеуі, экономикаға мемлекеттің және квазимемлекеттік құрылымдардың шектен тыс араласушылығы экономиканы кредиттеу деңгейінің үздіксіз төмендеуіне алып келеді.



Дереккөзі: ҚР ҰБ
Кезең: 2005-2015 жылдар

2015 жылғы «Іскерлік ахуал» зерттеуіне сәйкес Қазақстанда ақшалай қаражат алу күрделі бола түсуде. Сауалнамаға қатысқандардың 80%-дан астамы шетелдік және отандық инвестицияларды, гранттарды алу қиын екендігін көрсеткен. Сауалнамаға қатысқан кәсіпкерлердің 55% және 64% тиісінше микрокредиттер мен кредиттер рәсімдеудің күрделі екендігін көрсетіп отыр.



Дереккөз: «Іскерлік ахуал» рейтингі
Кезең: 2015 ж.

Қор нарығының ағымдағы проблемалары


Қазақстанның зейнетақы қорларын біріктіру және қор нарығының шектен тыс реттелушілігі қор нарығы механизмдері дамуының баяулауына алып келді. Бүгінгі таңда отандық кәсіпкерлік іс жүзінде банк кредитіне баламалы механизмдер арқылы қаржы тарту мүмкіндігінен, оның ішінде облигациялар және акциялар арқылы борыштық және үлескерлік қаржыландыру мүмкіндігінен де айырылған.

Экономиканың монеталандырылуы

Белгіленген проблемалар аясында Қазақстанның экономикасы монеталандырудың төмен деңгейімен сипатталады.

Еліміздің монеталандырылу деңгейі жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі салыстыруға келетін елдер арасында ең төменгілерінің бірі болып табылады. Дүниежүзілік банктің деректері бойынша, 2014 жылы Қазақстан экономикасының монеталандырылу көрсеткіші Ауғанстан, Беларусь, Ирак, Конго, Әзербайжан, Орталық Африка

Республикасы секілді елдердің деңгейінде болды.



Дереккөз: ҚР ҰБ
Кезең: 2010-2015 жылдар

Ақша массасының өсуі (2015 жыл) халықтың және заңды тұлғалардың шетелдік валютадағы депозиттерінің тиісінше 81,4% және 71,9% артуынан туындаған.

Қолма-қол ақша қаражатының, сондай-ақ халықтың және заңды тұлғалардың теңгелік және валюталық депозиттерінің динамикасын көрсететін M2 ақша агрегаты 2015 жылы M3 агрегаты өсуінің аясында бар болғаны 7,9% көбейді. **Бұл тренд экономикадағы теңгелік өтімділікке қол жеткізудің төмен екендігін сипаттайды.**

Микробизнес үшін қаржы ресурстарына қол жеткізудің төмендігі.

Шағын кәсіпорындар, әсіресе ауылдық аудандарда, кредит ресурстарына еркін қол жеткізе алмайды. Көп

жағдайда олардың жеткілікті кепілдік базалары жоқ. Банктік кредиттер берудің мерзімдері мен талаптары осындай кәсіпорындарға қолдануға келмейді.

Аудан орталықтарынан және ірі қалалардан алшақ жатуы қаржы институттары үшін олардың кепілдік қамтамасыз етулерінің тартымдылығын төмендетеді. Қарыздарды мақсатты пайдалану мониторингінің күрделілігі туындайды. Осыған орай, кәсіпкерліктің осы сегменті банктердің клиенттері болып табылмайды және бұл жерде қаржыландыруға қатысты мүлде басқа көзқарастар талап етіледі деп мәлімдеуге болады.

Осылайша:

- қор нарығының көмегімен капитал тарту механизмдері **жұмыс істемейді**;
- **банктік кредитке баламалы қаржыландыру нысандары** (инвестициялық қорлар, инвестициялық банкинг, REIT-тер, микрокредиттеу және т.б.) нашар дамыған;
- сырттан қаражат тартуға валюталық тәуекелдерді **хеджирлендірудің нарықтық механизмдерінің жоқтығы** кедергі келтіреді;

■ нәтижесінде Қазақстанда қаржыландырудың негізгі көзі ретінде мемлекеттік қолдау желісі бойынша, оның ішінде Ұлттық Қордан субсидияландырылатын банктік кредиттер қалады.

Дағдарыс жағдайларында банктік баланстарды «нашар» активтерден жинақталған ауыртпалықтардан тазартуды ынталандыру және жаңа кредиттеуді белсендіру мақсатында инвестициялаудың баламалы нысандарын дамытуға кедергі келтіретін кедергілерді жою, сондай-ақ банк секторын реттеуге контрциклдік көзқарасты іске асыру қажет.

Осыған орай, «Атамекен» ҰКП ҚР Ұлттық Банкінің қор нарығын белсенділендірумен байланысты бойынша соңғы бастамаларын қолдайды, оның ішінде:

1. KASE-ге эмитенттердің шығу тәртібін оңтайландыру;
2. тәжірибелі кәсіпорындардың ұйымдастырылған нарыққа шығуын ынталандыру шараларын қарастыру;
3. инвестициялық банкингтің дамуын ынталандыру бойынша іс-шаралар жүргізу.

«Атамекен» ҰКП аталған іс-шараларды іске асыруға қатысуға, атап айтқанда ҚҚБ-мен бірге әлеуетті эмитенттер үшін қор нарығына шығу бойынша кең көлемді түсіндіру жұмыстарын жүргізуге көмектесуге, құнды қағаздар нарығын тиімді белсендіруді қамтамасыз ететін жүйелі шаралар кешенін әзірлеуге, заңнамалық және нормативтік актілерге өзгерістер енгізу үшін бірыңғай тәсілдерді дайындауға әзір.

7

Экономиканың нақты секторын кредиттеу үшін жағдайлар жасау

- Экономиканың субъектілерін кредиттеуді кеңейту үшін ЕДБ ұзақмерзімді теңгелік қорландыруға макроэкономикалық жағдайлар жасау;
- Кәсіпкерлік секторға жүктеменің төмендетілуін ынталандыру мақсатында «БЖК-2020» бизнесті дамыту мен қолдаудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде субсидиялаудың өзгермелі мөлшерлемесін көздеу;
- Банктердің «нашар» қарыздарды есептен шығаруы үшін жағдайлар жасау бойынша, оның ішінде салық сипатындағы іс-шаралар жүргізу;
- «БЖК-2020» бағдарламасында кәсіпорындарды тиімді кредиттеу үшін өңірлік карталарда айқындалған басымдықтарды бір жүйеге келтіру.

8

Қор нарығының механизмдерін белсенділендіру

- Жеке инвестициялау саласындағы реттеуді барынша жеңілдету, салық кедергілерін алып тастау;
- Жеке басқарушы компаниялардың БЖЗҚ мен ММСҚ активтерін басқаруға қолжетімділіктерін қамтамасыз ету;
- Эмитенттердің БЖЗҚ мен ММСҚ желісі бойынша бөлінген қаражатты нысаналы пайдалануларын бақылауды күшейту;
- ҚҚН кәсіби қатысушыларын жекешелендіру шеңберінде ірі объектілер бойынша мәмілелерді қадағалауға жұмылдыру;
- Заңнамаға ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы арқылы мемлекеттік акциялар топтамалары мен ұйымдарды міндетті жекешелендіру жүргізу туралы талапты енгізу;

ҰСЫНЫЛАТЫН ШЕШІМДЕР

- Купондық мөлшерлемені және т.б. субсидиялау құралын енгізу;
- Депозиттер мен борыштық қаржы құралдары үшін көзделген ынталандыру шараларымен ұқсастық бойынша акциялар бойынша тең салықтық ынталандыру шараларын енгізу;
- АХҚО арқылы қор нарығын белсендіруді жалғастыру.

9

МЖӘ механизмдерінің қолданылуын кеңейту және қаржы нарығының инфрақұрылымында мемлекеттің қатысуын азайту

- қор биржасының ҚР ҰБ акцияларының бақылау топтамасын жекешелендіру;
- Қаржы нарығының инфрақұрылымын құрайтын компанияларды мемлекет меншігінен шығаруды жүргізу, «Атамекен» ҰКП өкілдерін осы ұйымдардың бақылау кеңестеріне/директорлар кеңестеріне енгізу;
- МЖӘ механизмдері үшін қаржы үлгілерін және бизнес-жоспарларын дайындай отырып, барынша тартымды жобалар пулын қалыптастыру;
- Басқарушы компанияларды мемлекеттің әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобаларын, оның ішінде МЖӘ арқылы іске асыруға жұмылдыру;
- МЖӘ қанатқақты жобаларын іске асыру;
- Инвестициялық қызмет үшін тәуекелдерді хеджирлеу механизмдерін белсендіру;
- Секьюритизациялау мәмілелерін жүргізу үшін шаралар кешенін әзірлеу.

10 Қаржы секторы үшін негізгі құжаттарға өзгерістер енгізу

- Ағымдағы жағдайды ескере отырып, мынадай құжаттарды өзектендіру:
 - «Қазақстанның 2020 жылға дейінгі ақша-кредит саясаты»;
 - «Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы».

дамыту үшін бірыңғай формат бойынша өңірлік инвестициялық орталықтарды құруға көмектесу.

11 Микрокредиттеу жүйесін дамыту

Өңірлердегі басым жобаларды жеңілдікпен қаржыландыру және ауылдық жерлерде микробизнесі

Адам ресурстарына қол жеткізудің төмендігі

Адам ресурстарының қолжетімділігін және сапасын арттыру – еңбек өнімділігін ЭЫДҰ елдерінің стандарттарына дейін өсірудегі негізгі міндет. Бүгінгі таңда білікті кадрлардың жетіспеушілігі – кәсіпкерлік қоғамдастығының, бәрінен бұрын өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының негізгі проблемаларының бірі.

Статистика деректері бойынша, оң өзгерістерге қарамастан, еліміздің өнеркәсіп секторының кадрлармен қамтамасыз етілуі оның толыққанды дамуы үшін әлі де болса жеткіліксіз.


2015 жылы өнеркәсіптің кадрларға ең көп мұқтаждығы Қостанай және Қарағанды облыстарында тіркелген болатын. Ауыл шаруашылығында адам капиталының тапшылығы жыл сайын 35-45%-ға өсіп отыр. Әсіресе, бұл тапшылық Алматы облысында байқалады.

Бизнес дамуының деңгейі мен динамикасы еліміздегі кадрларды дайындау сапасына да, сондай-ақ экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес келетін әртүрлі кәсіп мамандарының санына да тәуелді.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2013-2015 жылдар

Тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы халықтың табиғи өсімі ең аз болған кезең 1997-2002 жылдардағы «демографиялық ақтаңдақ» салдарынан еңбек ресурстары санының артуы күтілмейді. Бұл биылғы жылы және алдағы 5 жылда жаңа еңбек ресурстарының саны артпайтынын – экономикалық тұрғыда белсенді халықтың елеулі өсімі орын алмайтынын білдіреді. 2015-2020 жылдар ішінде экономикалық тұрғыда белсенді халықтың толықтырылуының соңғы 10-15 жылдағы ең аз деңгейі күтілуде.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 1990-2014 жылдар

Ұзақ жылдар бойына үздіксіз орын алып отырған кадрлардың елден кетуі ахуалды одан бетер нашарлатады. Сонымен, 15 жастан асқан халықтың соңғы 5 жылдағы сыртқы көші-қонының сальдосы кері болып табылады.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2010-2014 жылдар

Елден кетіп жатқан жоғары білімді азаматтар санының артуы айрықша алаңдаушылық тудырады. 2015 жылы шамамен 136 мың жоғары білімді адам Қазақстаннан көшіп кетті. Бұл ретте, жоғары білімді адам ресурстары көші-

қонының сальдосы теріс көрсеткішті көрсетіп отыр: елге келіп жатқан жоғары білімді азаматтарға қарағанда, елден кетіп жатқандар саны көп.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
Кезең: 2011-2015 жылдар

Бұдан басқа, Қазақстаннан жыл сайын орташа есеппен алғанда 2 400 техникалық маман кетеді, бұл елімізді индустрияландыру қарқындарына кері әсерін тигізіп отыр. Бұл ретте, техникалық кадрлардың сыртқа кетуі еліміздің индустриялық тұрғыдан ең дамыған өңірлеріне барынша ауыр соққы болуда: техникалық кадрлардың елден кетулерінің 50% астамы Шығыс Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстарына келеді.

Осылайша, адам ресурстарының тапшылығы кәсіпкерлік сектор үшін, жалпы алғанда экономика үшін де тұрақты және толыққанды даму жолындағы негізгі қиындық болады.

Бұл ретте, еліміздегі мамандардың төмен біліктіліктері және нашар өнімділіктері теріс әсерді күшейтетіндігін мойындау керек.

Бұған дейін атап кеткеніміздей, соңғы 5 жылда білім беру саласындағы бюджет шығындары ЖІӨ-нің 3,8%-нан аспайды.

Бұл ретте, еңбек өнімділігі 25,6 долл/сағ. құрайды.²¹ Ал ЭЫДҰ елдерінде білім беруге жұмсалатын бюджеттік шығындар ЖІӨ-нің 5,1% деңгейінде, еңбек өнімділігі қазақстандық деңгейден 2 есе дерлік жоғары – 46,5 долл/сағ.

**«Демографиялық ақтаңдақ»,
кадрлардың елден кетуі және
білім беруге жұмсалатын
қаржының аздығы –
кадрлардың қолжетімділігі
төмендігінің себептері**

Қазақстандағы кадрларды даярлау мен біліктіліктерін бағалаудың қазіргі жүйесі нақты сектордағы кәсіпорындардың қажетті біліктілік деңгейлеріне ие адам ресурстарына мұқтаждықтарын толық мөлшерде қамтамасыз ете алмайды.

«Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасын» қалыптастыру жөніндегі «Атамекен» ҰҚП жүргізген зерттеудің шеңберінде 6250 жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер сұралған болатын. Сауалнама нәтижелері кәсіпкерлер көп жағдайда қажетті мамандарды іздестіру қиындықтарын сезінетіндігін көрсетті – сұрау жүргізілгендердің 50% осы проблемаға назар аударады. Кәсіпкерлердің 41% өңірде қажетті мамандарды даярламайтындығын көрсетті. Қорытындысында барлық сауалнама жүргізілгендердің 59% жалданған қызметкерлерді өз беттерінше оқыту қажеттіліктерін атап отыр.

Осылайша, адам ресурстарының қолжетімділігі проблемасы бүгінгі таңда маңызды проблема екендігі айқын.

²¹ 2014 жылдың деректері

ҰСЫНЫЛАТЫН ШЕШІМДЕР

12

Білім беруге жұмсалатын бюджет қаражатын елеулі арттыру (міндетті түрде тиімділігін көтере отырып)

Бюджет қаражаттарының басымдығы құрылыс-монтаждау жұмыстары емес, құзыреттікті күшейтуді инвестициялау болуы тиіс.

Өсіп отырған бюджеттік шығыстарды мыналарға бағыттау ұсынылады:

- Мұғалімдер мен оқытушылардың жалақыларын көтеру;
- Шетелдік мамандарды тарту (ЖОО, колледждердің ректорлары, мектеп директорлары, құзыреттіліктер орталықтарының басшылары);
- Ағылшын тілінде білім беретін оқу орындарын көбейту;
- Білім берудің шетелдік әдістемелерін бейімдеу;
- Қазақстандық педагогикалық ЖОО-ның деңгейін жетекші университеттермен салыстыруға келетіндей етіп радикалды көтеру;
- Кәсіптік-техникалық және жоғары білім беруге қосымша ретінде құзыреттілік орталықтарын көбейту;
- Әлемдік деңгейдегі зертханалар мен зерттеу орталықтарын құру;
- STEM-білім беру мен Advanced Manufacturing тәжірибесін енгізу (АҚШ тәжірибесі бойынша);
- ТжКБ жаңғырту;
- Білім беру сапасын бағалау жүйесін және ҰБТ реформалау;
- Білім беру сапасын тәуелсіз бағалау үшін әлемдік деңгейдегі консультанттарды тарту.

13

Мемлекеттің көші-қон саясатын либералдандыруды жүзеге асыру

«Ақылды» көші-қон саясатын жүргізу қажет. Электронды нұсқада барлық қажетті құжаттарды ұсына отырып, біліктілігі жоғары шетелдік жұмыс күшін тарту үшін хабарландыру режимін енгізу ұсынылады (Эстония тәжірибесі). Сондай-ақ, еліміздің білім беру жүйесінде жұмыс істеу үшін тиісті тәжірибесі, білімі және біліктілігі бар зейнет жасындағы шетелдік кәсіби мамандарды шақыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады. Бұл үшін жас ұрпаққа кәсіби білім мен тәжірибені беру мақсатында, мектептерге, колледждерге және ЖОО-на жақын орналасқан аумақтарда жайлы өмір сүру аймақтарын құру қажет.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты ұзарту мерзімін бір жылға ұзарту немесе мерзімді ұзарту қажеттілігінсіз, шетелдік жұмыс күшін тартуға шетелдік азаматпен жасалған келісімшарттың бүкіл қолданылу мерзіміне рұқсат беру қажет.

14

Салалық қауымдастықтар арқылы дуальды білім беруді қаржыландыруды және дамытуды жүзеге асыру

«Атамекен» ҰҚП дуальды білім беруді дамыту бойынша функцияларды салалық

қауымдастықтарда шоғырландыру мүмкіндігін қарастыруды ұсынады. Қауымдастықтар мамандарға деген салалық сұранысты қалыптастыратын, үміткерлерді теоретикалық дайындау үшін оларды және оқу орындарын транспаренттік іріктеуді жүзеге асыратын, сондай-ақ саланың кәсіпорындарында оқытудың практикалық бөлігін қамтамасыз ететін болады.

Бұл үшін дуальдық білім беруге бөлінетін бюджеттік қаражат, сондай-ақ оқыту бойынша келісімшарттық міндеттемелер шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылар бөлетін қаражаттың бір бөлігі салалық қауымдастықтарда жинақталуы керек.

Осы жұмыстармен қатар, жұмысқа орналасқандардың үлесі, нақты бір уақыт аралығындағы ЖОО түлектері кірістерінің мәні мен өсімі және т.б. сияқты нарықтық көрсеткіштерге негізделген еліміздің ЖОО-ның тәуелсіз рейтингін жасау қажет.

15

Өз қызметкерлерін оқытатын кәсіпорындар үшін фискалды ынталандыруды көздеу

Қызметкерлерінің біліктіліктері мен еңбек өнімділігін арттыруға саналы түрде қаражат салып отырған кәсіпорындарды қолдау маңызды. Білім беру жүйесі бизнестің нақты қажеттіліктерінен қол үзіп отырған, ал реформалардың оң нәтижелеріне қол жеткізу үшін ондаған жылдар кететін жағдайларда кәсіпорындарға ЖТҚ мен еңбек өнімділігін арттыру үшін фискалды сыйақылар беру кадрлардың қолжетімділігі проблемасын шешуге ішінара көмектеседі және кәсіпорындарды кадр әлеуетін арттыруға ынталандырады.

16

Кәсіпкерлікті насихаттау

Кәсіпкерлікті насихаттау және еліміздің кәсіпкерлік әлеуетін арттыру мақсатында, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарында «жас кәсіпкер курсы» сабағын енгізу.

Инфрақұрылымға қолжетімділіктің төменділігі

«Жылжымайтын мүлік және инфрақұрылым» факторына кәсіпкерлердің берген жиынтық бағасы²² Қазақстан бойынша 4 балдық жүйеден 2,9 балды құрады.



Дереккөз: «Іскерлік ахуал» рейтингі
Кезең: 2015 ж.

Өңірлерге бөліп көрсеткенде, кәсіпкерлердің пікірі бойынша, ең жақсы дамыған инфрақұрылым Астана қ. (3,2), Алматы қ. (3,1), Ақтөбе және Павлодар облыстарында (3,1).

Кәсіпкерлер Қостанай, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарының инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуіне төмен баға беріп отыр.

Кәсіпкерлердің инфрақұрылымды төмен бағалауы инфрақұрылымға қол жеткізуде бірқатар кедергілердің бар болуымен байланысты.

Инфрақұрылымға қол жеткізу проблемасы қолжетімділігі тұрғысынан қарастырылады:

- жер учаскелері мен жылжымайтын мүліктің;
- коммуналдық және көлік инфрақұрылымының;
- өнеркәсіптік инфрақұрылым.

1. «Іскерлік ахуал» шеңберінде жүргізілген сауалнамаға сәйкес, іс жүзінде әрбір бесінші кәсіпкер **жылжымайтын мүлік пен жер учаскесін** жалға алудың қиындығын сезінуде (кеңсе бөлмежайын жалға алудан басқа).

	Жалға алуда қиындық сезінетіндер	Жалға алу құнын «қымбат» деп бағалайтындар
Жер учаскесі	24%	56%
Өндірістік бөлмежай	24%	59%
Қойма бөлмежайы	21%	55%
Кеңсе бөлмежайы	16%	51%
Көрме бөлмежайы	23%	54%

Дереккөз: «Іскерлік ахуал» рейтингі
Кезең: 2015 ж.

Жер учаскелеріне қолжетімділіктің төмен болуы себептерінің бірі **бос**

²² «Іскерлік ахуал» рейтингінің 5 факторының бірі

жатқан жер учаскелерінің бірыңғай базасының болмауы болып табылады. Кәсіпкер осындай учаскелерді өз бетімен табуға мәжбүр. Бұдан басқа, қолданыстағы заңнама жерді тек аукцион арқылы алуға міндеттейді, бұл ретте аукциондарды өткізу ЖАО еншісінде. Әкімдіктер қандай да бір жер учаскесін аукционға шығару уақыты туралы мәселені өз қалаулары бойынша шешеді.

Әрбір екінші кәсіпкер жер мен жылжымайтын мүлікті жалға беру құны көтеріңкі деп санайды


Батыс өңірлердің кәсіпкерлері бәрінен де жалға беру құнының қымбаттылығын көрсетеді. Тек екі өңірде «Іскерлік ахуал» респонденттері жылжымайтын мүлік объектілерін жалға беру құнының салыстырмалы түрде қымбат еместігін атап отыр — Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстары.

2. Коммуналдық және көлік инфрақұрылымына қатысты кәсіпкерлер бәрінен бұрын тарифтердің көтерілуі проблемасына алаңдаушылық танытуда.

Коммуналдық инфрақұрылымның жалпы алғандағы қанағаттанарлықсыз жағдайына қарамастан, тарифтер құны үздіксіз өсуде. Ресми статистикаға сәйкес, 2015 жылғы қаңтар мен 2016 жылдың қаңтары аралығындағы кезеңде коммуналдық көрсетілетін қызметтердің тарифтері орташа алғанда 15%-ға, тасымалдаулар орташа есеппен 38%-ға өскен.

«Іскерлік ахуал» респонденттерінің 44% жылумен жабдықтау тарифтерінің, ал 50% - электрмен жабдықтау тарифтерінің жоғары екендігін атап отыр.

Тарифтерді жоғары деп есептейтін кәсіпкерлердің үлесі



Дереккөз: «Іскерлік ахуал» рейтингі
Кезең: 2015 ж.

Жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) ынталандыру саясатын іске асырумен байланысты электр энергиясы тарифтерінің қосымша өсу тәуекелі артып отырғандығын айта кету керек. ҚР Парламентінің Сенаты жобаны қаржыландыру құрылымы мен экономикалық негізділігіне

тәуелділікте ұлттық валютаның шетелдік валютаға қатысты айырбастау бағамының өзгерістерін ескере отырып, ЖЭК-тен алынатын электр энергиясының бекітілген тарифтерін жыл сайын қосымша индекстеуді көздейтін норманы қабылдады. Сонымен бірге, технологиялық шешімдерді оқшауландыру бойынша талаптардың болмауы жағдайында, іс жүзінде барлық қазақстандық ЖЭК жобалары жобаның қымбаттауына алып келетін шетелдік технологияларды пайдаланады.

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамада нысаналы индикатор ретінде елімізде электр энергиясын алудағы ЖЭК үлесі 2020 жылға кемінде 3%-ды құрауы тиіс деп белгіленген. ҚР Энергетика министрлігінің болжамы бойынша 2019 жылы үлес 4%-ға жетеді.

Электр энергиясы мен қуаттылықтардың профиті жағдайларында бұл дәстүрлі энергия көздерінің арзан электр энергиясы қымбат ЖЭК электр энергиясымен алмастырылатындығын білдіреді.

ҚР Энергетика министрлігінің болжамы бойынша тұтынушылардың ЖЭК электр энергиясын сатып алуға жұмсалатын шығындары алдағы 5 жылда 512 млрд. теңгені құрайды, оның ішінде 193 млрд. теңге тек бағамдық индексация есебінен.

ЖЭК-ке жұмсалатын нақты шығындар 2020 жылы елімізде өндірілетін энергияның әрбір кВт*сағ үшін 2 теңгеден жоғары болады

3. Мемлекет құрып отырған **өнеркәсіптік инфрақұрылым** бизнестің сұранысына сәйкес келмейді. Қазақстанда жұмыс істеп тұрған бизнес-инкубаторлар, технопарктер, арнайы экономикалық аймақтар (АЭА), индустриялық аймақтар (ИА) тиімділіктерінің төмендігімен сипатталады.

Қазіргі сәтке 10 АЭА-ның 7-нің қалыптастырылуы аяқталмаған. АЭА қатысушылары жылу тораптарын, электр желілерін, ТЖ тармақтары мен тұйықтарын жеткізуге мұқтаж. Тек «Бурабай» АЭА, «Сарыарқа» және «Оңтүстік» АЭА 100% дайындықта тұр, бұл ретте құрылған инфрақұрылым әрдайым бизнестің қажеттіліктеріне

сәйкес келе бермейді. «Сарыарқа» АЭА қатысушылары санының аздығы салдарынан тазартқыш құрылыстар мен кәріз жүйесі пайдаланылмайды. Бұдан басқа, АЭА басқаруда мынадай проблемалар бар:

- Инвесторлық келісімді жасау процесі 3 айға созылады, ал әлемдік тәжірибеде осындай рәсім 1 аймен шектеледі;
- АЭА қызметін реттеуге жауапты бірыңғай орган жоқ;
- Басқарушы компанияның инвесторлармен тиісті коммуникациясы жоқ;
- АЭА аумағында жолға қойылған сервистік және көлік-логистикалық қолдау жоқ;
- 2017 жылғы 1 қаңтардан кейін ЕАЭО шеңберінде кедендік жеңілдіктер алынып тасталатын болады.

АЭА дайындық деңгейі	
«Бурабай» АЭА	100%
«Оңтүстік» АЭА	100%
«Сарыарқа» АЭА	100%
«Ақтау теңіз порты» АЭА	97,5%
«Астана – жаңа қала» АЭА	90%
«ИТП» АЭА	80%
«Химпарк Тараз» АЭА	40%

«Қорғас» АЭА	80%
«Павлодар» АЭА	15%
«ҰИМХТ» АЭА	15%
Жалпы дайындық деңгейі	72%

Индустриялық аймақтарда да осыған ұқсас жағдай: құрылған 50 ИА-ның тек 10-ны жұмыс істейді, ал тиімдісі тек біреу. ИА сапалы жұмыс істеуі мынадай проблемалармен шектелген:

- ИА қызметін реттеу бөлігіндегі НҚА қарама-қайшылықтары;
- ИА мақсатқа сай болуын айқындауда бірыңғай көзқарас жоқ;
- ИА құру кезінде көршілес өңірлер мен шекаралас макроөңірлердің әлеуеті ескерілмейді;
- ИА қатысушыларын іріктеудің бірыңғай механизмі жоқ;
- ИА қатысушылары мен жеке ИА құру үшін ынталандыру шаралары жоқ (салық, кеден жеңілдіктері және т.б.).

Бизнес-инкубаторлар (БИ) ісін жаңа бастаған бизнес үшін инфрақұрылымдық қолдау болуы тиіс болатын. Кәсіпкерлердің пікірлері бойынша БИ-лердің көпшілігі тек жайларды жалға беруге ғана шоғырланған. Ашық ақпарат көздерінде БИ арқылы көрсетілетін

жұмыс істеп тұрған қолдау шаралары туралы ақпарат аз.

Мемлекет құрып отырған инфрақұрылым тиімді емес:

- АЭА дайындық деңгейі – 72%
- АЭА нашар толықтырылуы
- ИА тиімділік деңгейі – 2%
- БИ жалға беруге

шоғырланған

ҰСЫНЫЛАТЫН ШЕШІМДЕР

18 **Толыққанды және айқын жер нарығын құру**

Барлық жер учаскелерінің көпшілікке жария электронды деректер базасын құруды ұсынамыз. Деректер базасы Үкімет, ЖАО электронды порталында орналастырып, кезеңді түрде жаңарту қажет. Жер учаскелері бойынша мәмілелердің құны туралы ақпаратты көпшілікке жария ету керек.

Жер учаскелерін аукционға шығару кезінде «Атамекен» ҰКП пікірлерін есепке алуды қамтамасыз ету қажет.

Барлық жүйенің тиімділігі үшін жер учаскелерін ұсыну процесін онлайн форматқа көшіру керек.

19 **Тарифтерді белгілеу ашықтығын қамтамасыз ету, ынталандыру әдістеріне көшу**

«Шығындар +» әдіснамасынан тарифтерді белгілеудің ынталандыру әдістеріне көшу қажет. Бұл бизнеске коммуналдық көрсетілетін шығыстарды болжауға және шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Тарифтерді белгілеу мәселелері бойынша жария тыңдауларды өткізу жолымен тарифтерді бекіту процесі мен СЕМ инвестициялық бағдарламаларының ашықтығын нормативтік қамтамасыз ету қажет.

20 **Шетелдік технологияларды пайдаланатын ЖЭК**

жобаларын салу және жаңадан іске қосу бойынша шектеулер енгізу

ЖЭК электр энергиясына бағаның күрт көтерілуіне жол бермеу мақсатында, ЖЭК жаңа жүйелері үшін жеңілдетілген тарифтерді біртіндеп төмендету механизмдерін әзірлеу қажет. Осы тәсіл әрі қарайғы техникалық әзірлемелерді, еліміздегі ЖЭК технологиялары өндірісін оқшауландыруды және олардың құнын төмендетуді ынталандырады.

Импорттық жабдықтарды пайдаланатын ЖЭК жобаларын салуға және іске қосуға шектеулер енгізу қажет. Бұл ЖЭК өндірісін оқшауландыруды ынталандыруға мүмкіндік береді.

21 **АЭА қатысушыларын және бос қойма иелерін толыққанды қамтамасыз ету үшін арнайы инвестициялық келісімшарт енгізу**

2012 жылдың 1 қаңтарына дейін тіркелген АЭА қатысушылары және бос қойма иелері үшін кедендік жеңілдіктерді сақтау мақсатында, 2016 жылы арнайы инвестициялық келісімшарттар жасау арқылы АЭА мен бос қоймалар қатысушыларын 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап кедендік баждан босату түрінде инвестициялық преференциялар алушылар қатарына қосу бөлігінде

Кәсіпкерлік кодекске өзгерістер енгізу қажет.

Бұл ұсыныс Ресей тәжірибесіне негізделген, онда «Өнеркәсіп саясаты туралы» РФ Заңына сәйкес олардың шеңберінде АЭА қатысушылары инвестициялық преференциялар ала алатын арнайы инвестициялық келісімшарттар ұғымы енгізілген.

ИА-ны толық салып бітірген жағдайда, оның ішінде қатысушылардың жеткілікті санын жұмылдыра отырып, ИА басқарушы компаниясына жер учаскесін меншікке беруді және сыртқы инфрақұрылымды тартуды қамтамасыз етуді қарастыру қажет.

22

Жеке ИА құруға ынталандыру шараларын қарастыру

Кәсіпкерлер құқықтарының қорғалуы деңгейінің төмендігі

Кәсіпкерлер құқықтарының бұзылуы

«Іскерлік ахуал» рейтингінің деректері бойынша (2015 жыл), заңды тұрғыда қорғалу деңгейінің төмендігі бизнестің негізгі кедергілері арасында бірінші орында тұр. Бұл жөнінде сауалнама жүргізілген әрбір бесінші кәсіпкер мәлімдейді.

2013 жылдың қазан айынан бастап 2016 жылдың қаңтар айы бойынша «Атамекен» ҰҚП-ға кәсіпкерлер құқықтарының бұзылуына қатысты **10 мыңнан астам шағым және өтініш** келіп түскен.



Дереккөз: «Атамекен» ҰҚП
Кезең: 2015 ж.

Келіп түсетін шағымдардың географиясы өңірлердегі тіркелген кәсіпорындардың саны мен бизнес-белсенділікке сәйкес келеді

«Атамекен» ҰҚП-нің, прокуратура органдарының және басқа да уәкілетті органдардың қолдау көрсетуімен олардың **шамамен 42%** бизнесмендердің пайдасына шешілді. Бұл ретте қорғалған мүліктік құқықтардың жалпы сомасы **шамамен 22,8 млрд. теңгені** құрады.

Шағымдардың ең көп саны **жер қатынастары, құрылыс салаларына, салық және кеден мәселелеріне, сатып алу мен жергілікті қамтуға** қатысты.

Шағымдардың 19% — жер қатынастары мен құрылыс мәселелері
шағымдардың 13% — салық мәселелері
шағымдардың 9% — сатып алулар және жергілікті қамту

Келіп түсетін өтініштерді ескере отырып, бүгінгі таңда «Атамекен» ҰҚП Бизнестің жүйелі проблемаларының тізілімінде (reestr.palata.kz) **400-ден астам мәселе** қамтылған.

Бизнестің құқықтарын қорғау мемлекеттік органдардағы **сыбайлас**

жемқорлықпен байланысты туындайтын кәсіпкерлердің тәуекелдерімен тығыз байланысқан.

«Іскерлік ахуал» рейтингінің деректері бойынша (2015 жыл):

- **әрбір 2-ші сауалнама жүргізілген** кәсіпкер сыбайлас жемқорлыққа жолығады;
 - кәсіпкерлік ортада **5 мың теңгеден 50 мың теңгеге дейінгі мөлшерде** ресми емес төлемдер кең таралған;
 - кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлық төлемдерге шығындары бойынша мыналар көш бастап тұр: жергілікті атқарушы органдар (**15 млрд теңгеден жоғары**), санитариялық-эпидемиологиялық қызметтер (**14 млрд теңгеден жоғары**), салық органдары (**13 млрд теңгеден жоғары**).

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ сауалнама жүргізілгендердің 80%-ы – кеден органдарында, респонденттердің 60%-ы – сәулет органдары мен ұлттық компанияларда, сауалнама жүргізілген кәсіпкерлердің 40%-ы ТЖД, СЭҚ, ЖАО және экологиялық органдарда кең таралған деп көрсеткен

Сыбайлас жемқорлықпен қатар, Қазақстанда бизнесті жүргізудің тартымдылығына кері ықпал ететін

маңызды факторлар мыналар болып табылады:

- адал емес лауазымды тұлғалардың бизнеске келтірген шығындары немесе оны тоқтатып тастағаны үшін нақты **мүліктік жауапкершіліктерінің** болмауы;
- әкімшілік және қылмыстық заңнаманың және оны қолдану практикасының **шектен тыс жазалау шаралары**;
- **заңнаманың** (әсіресе салық заңнамасының) **тұрақсыздығы**;
- салықтық әкімшілік етудің **жетілдірілмегендігі**;
- **бизнеске жүктеменің өсуі**.

Жауапкершіліктен бұлтартпау

«Атамекен» ҰКП жұмыс істеу кезеңінде **мемлекеттің бизнеске келтірген шығындарды өтегені үшін** адал емес лауазымды тұлғалардың мемлекет алдында мүліктік жауапкершілікке (**регресс**) тартылуының бірде-бір жағдайы белгілі болған жоқ.

Бұл – өздерінің құқықтары бұзылған жағдайларда **бизнесмендердің қорғалмайтындығына** алып келеді.

Әкімшілік заңнамадағы жазалау шаралары

- әкімшілік айыппұлдар – орын алған құқық бұзушылықтың қауіптілігіне емес,

бизнестің көлеміне тәуелді;

- ірі бизнес – тәртіп бұзушылықтардың түрлері бойынша әкімшілік айыппұлдардың жоғарғы шегінің шектелмеуі салдарынан елеулі тәуекелдерге ұшырайды (мысалы, қоршаған ортаға эмиссия нормативтерінің шектен асып кетуі кезінде және т.б.);

- кәсіпкерлік саласындағы теріс қылықтардың 39 құрамының бірде-бірі бойынша **ескерту (айыппұлсыз)** мүмкіндігі жоқ, ал **80%-дан астам жағдайда** айыппұл қолданылады (2014 жыл).

Әкімшілік даулар саласында құзыретті ведомстволардың, қоғамдық ұйымдардың өкілдерін, білікті сарапшыларды жұмылдыра отырып, апелляциялық қарау бойынша алқалық органдар құруды көздейтін, **салық және кеден мәселелер бойынша дауларды сотқа дейінгі тәртіппен** реттеу механизмдерін қалыптастыруға қатысты Мемлекет басшысының 2012 жылы берілген тапсырмасы әлі іске асырылған жоқ.

Қылмыстық заңнамадағы жазалау шаралары

- кейбір экономикалық теріс әрекеттер үшін бас бостандығынан айыру мерзімдері – адам өлтіргені үшін берілетін жазадан кем емес;

- кәсіпкерлік қарым-қатынастардың ерекшелігі салдарынан (үнемі – бірнеше контрагенттердің қатысуы) – көп жағдайда «адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған» қылмыстың жазасын ауырлататын белгі қолданылады;

- кәсіпкерлерді қылмыстық жауапкершілікке тарту жағдайларының шамамен **40%** – салық қылмыстары үшін, бұл ретте:

- салық қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершіліктің **шекті мәндері** ірі бизнеске сай емес;

- салықты **өз еркімен төлеген** кезде қылмыстық жауапкершіліктен босату мүмкіндігі жоқ.

Қылмыстық процесте **тергеуге дейінгі тексерісті алып тастау** қылмыстық қудалаушылықтың арыздың немесе хабарламаның Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген сәтінен бастап басталатындығына алып келді. Алайда

тәжірибеде жағдайдың 80%-да кәсіпкерлер негізсіз қылмыстық қудалау аясында болатындығын және көптеген тергеу әрекеттерінің жүргізілуімен байланысты олардың қызметтері іс жүзінде тоқтатылатындығын көрсетіп отыр.

Кәсіпкерлер арасындағы мүліктік даулар саласында квазимемлекеттік ұйымдар үшін ШОК - тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызмет ұсынушылардың өз құқықтарын **төрелікте** қорғауға қол жеткізулері іс жүзінде өте қиын. Жаңа «Төрелік туралы» Заңда (бұрынғы заңнамадан айырмашылығы) квазимемлекеттік сектордың компанияларына өз шарттарына төрелік ескертпені, саланың уәкілетті мемлекеттік органымен келісу бойынша ғана енгізуге рұқсат берілген.

Салық заңнамасының тұрақсыздығы және жетілдірілмегендігі

Кәсіпкерлер жұмысының заңнамалық шеңберлері – **тұрақтылықты** қажет етеді.

Негізгі мәселелердің бірі – сенімді бизнес-жоспар құруға мүмкіндік беретін, тәуекелдерді төмендететін

және инвесторлардың сенімін арттыратын **фискалды саясаттың тұрақтылығы.**

2009 жылдан бастап Салық кодексі 111 ілеспе заңмен өзгертілді, 2348 бапқа өзгертілер енгізілді, ал 430-дан астам бапқа оның кері әсері берілген.

Жұмыс істеп тұрған шетелдік инвесторлардың Үкімет деңгейіне, оның ішінде тұрақты жұмыс жасайтын Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңестің шеңберінде, көтеретін мәселелерінің басым бөлігі бұл салық және кеден мәселелері бойынша даулар. Жалпы алғанда, Қазақстанда жұмыс жасайтын шетелдік инвесторлар салық және кеден заңнамасын қолдану кезінде заңның бәрінен жоғары тұратындығы қағидатының сақталмайтындығын атап өтеді.

2014 жылы салық және кеден мәселелері бойынша түсірілген 516 шағымның ішінде кәсіпкерлердің пайдасына қаралғаны 124 шағым (24 %). Бұл ретте, кәсіпкерлер дауласқан 232 009 млн. теңге сомасының тек 18%-на (38 346 млн. теңге) ғана қол жеткізді.

Айтылғандарды ескере отырып, заңнамада және құқық қолдану практикасында заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз ету, **жазалау тәсілдерін алдын алу және құқық қорғау тәсілдеріне** өзгерту, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің шетелдік тәжірибесін одан әрі пайдалану жолымен Қазақстанда бизнесті жүргізудің тартымдылығын арттыру үшін резервтер бар.

Бизнеске жүктеменің өсуі

Отандық кәсіпкерлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасалуын талап етеді. Алайда, **бизнеске жүктеме үздіксіз өсуде**. Бұл еліміздің инвестициялық тартымдылығына да ықпал тигізеді.

2016 жылға жоспарланып отырған салық жүйесіндегі жаңалықтар салық жүктемесін көтеруге бағытталған.

ҚР Қаржы министрлігінің Салық жүктемесін есептеу әдістемесі²³ кәсіпорындар қызметін толығымен көрсете алмайды, атап айтқанда, қызметтің шығыс бөлігі мен рентабельділігін ескермейді. Тек

компанияның айналымы бойынша фискалды қайтарымды талдаудың өзі жиі жағдайда нақты көріністі бұрмалап көрсетеді, бұл ретте қорытынды НСК диапазонының салалар бойынша елеулі айырмашылықтары бар. Сонымен, мысалы, көп айналым қаражатымен операциялар жүргізетін компанияның іс жүзінде ең аз маржасы (үстеме бағасы) болуы мүмкін, бұл ретте оның НСК ең төмен болады.

Салық салудың қазақстандық үлгісінің ең осал тұсы салықтық әкімшілендіру бөлігіндегі проблемалар болып табылады:

- Салық жүктемесін есептеудің келісілген әдіснамасының болмауы;
- Салық дауларын сотқа дейінгі реттеудің тиімді механизмінің дамымағандығы (салық тексерулерінің нәтижелері бойынша хабарламаға жазылған шағымдар бойынша шешімдерді бөлімшелері осы тексерулерді жүргізетін орган қабылдайды);
- Салық кодексі ережелерінің айқын еместігі салдарынан салық органдары тарапынан жеткілікті дәлелдер болмаған кезде, кәсіпкерлер өздерінің

²³ Салықтардың жиынтық жылдық кіріске (ЖЖК) қатынасы ретінде есептеледі

кінәлі еместігін дәлелдеу үшін көп уақыт пен қаражат жұмсауға мәжбүр;

- Барлық экспорт-импорт операцияларын бақылаудың болуы. Әлемдік тәжірибе салық салу базасына түзету жүргізуді тек мәміле өзара тәуелді тараптар арасында жүзеге асырылған жағдайда ғана көздейді;

- Бизнеске көмек көрсетуге, бизнестің құқық бұзушылықтарының алдын алуға және мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің бизнеске қатысты қабылдайтын шешімдері үшін жауапкершіліктерін арттыруға бағытталған жаңа құралдардың болмауы;

- Бизнестің өз қызметіне алдын ала салық бақылауын жүргізу, бұл арқылы салық органымен қарым-қатынаста кепілдік беретін салық тәуекелдерін төмендету мүмкіндігі жоқ.

Салық төлемдерінен өзге бюджеттен тыс қорлардың, тиісінше бизнестің бюджеттен тыс жарналар төлеу бойынша міндеттемелерінің саны өсуде (**қосымша 5% міндетті зейнетақы жарналары, медициналық сақтандыру бойынша 5% аударымдар**).

Еңбекақы төлеу қорына жиынтық жүктеме 2020 жылы 26% құрайды (қазіргі уақытта 16 %).

Қазақстанның парниктік газдар шығарындыларының көлемін төмендету бойынша халықаралық ерікті міндеттемелерін орындау шеңберінде 2013 жылы іске қосылған **парниктік газдарды квоталандыру және квоталардың сауда жүйесі** (ШСЖ) салдарынан өнеркәсіп секторының кәсіпорындары қиындықтарды сезінуде.

2013 жылы шығарындылардың өсуі

- энергетика өнеркәсібінде – 4%;
- мұнай-газ секторында – 5,7%;
- өнеркәсіп секторында 3,9% құрады.

Бұл ретте квоталар саудасының көлемі 182 млн. теңгеден астам соманы құрады

Квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қорытындылары бойынша парниктік газдар шығарындылары 2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылы өскен.

2014-2015 жылдарға арналған екінші Ұлттық жоспардың қолданылуы шеңберінде Энергетика министрлігі кәсіпорындарға қосымша **15 миллионнан астам квота бөлді** (Ұлттық жоспардың жалпы көлемінің 4,9%).

Қосымша квоталарды алмаған кәсіпорындар оларды биржаларда сатып алуға мәжбүр болды.

2015 жылдың қорытындысы бойынша квоталандырылатын сектордың компаниялары 690 млн. теңгеден астам сомаға квоталарды сатып алды:

- ТМК компаниялары – 23,9 млн теңгеден астам;
- энергия өндіруші ұйымдар – 68 млн теңгеден астам;
- мұнай-газ кешенінің компаниялары 607 млн теңгеден астам.

Бұл ретте, квоталандырылатын сектордың компаниялары өздерінің артық квоталарын 10-50 теңге бағасымен сатты, ал делдал компаниялар бұл квоталарды 500-1500 теңге бағасымен қайта сатты.

Квоталандырылатын сектордың кәсіпорындарына шығарындылардың тек 49% келетінін атап өту керек, ал қалған 51% - квота берілмейтін секторда.

Парниктік газдардың өсуін квота берілмейтін сектордың салалары (құрылыс, көлік, қалдықтар және т.б.) қамтамасыз етеді²⁴

Қазақстанда парниктік газдардың шығарындыларын реттеудің

қолданыстағы жүйесінің кемсітушілік сипаты бар, себебі шығарындыларды азайту бойынша ықпал ету шараларын тек квота берілетін кәсіпорындар үшін көздейді.

Осылайша, квота берілетін сектордың кәсіпорындары парниктік газдарды азайту бойынша қосарланған жүктемені атқаруға мәжбүр. Бұл ретте, егер квота берілмейтін секторда шығарындылар өсетін болса, квота берілетін сектордың кәсіпорындары үшін жүктеме артады.

Нәтижесінде экологиялық проблемаларды шешуде квоталар саудасы жүйесінің тиімділігіне күдік туындайды.

²⁴ Климаттың өзгеруі туралы БҰҰ Негіздемелік конвенциясына III-VI Ұлттық хабарламаға сәйкес

ҰСЫНЫЛАТЫН ШЕШІМДЕР

23

Заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз ету

Заңнаманы өзгерту мен инвестицияларды жоспарлау үшін бағдар ретінде **фискалдық, бюджеттік, ақша-кредит салаларында ұзақмерзімді саясаттарды** әзірлеу (бюджеттік саясат тұжырымдамасына ұқсастық бойынша).

Кодекстер мен негізгі **«кәсіпкерлік заңдарға»** өзгертулерді – қоғамдық тыңдаулар нәтижесінде қалыптастырылған ұсыныстарды ескере отырып, «бір терезе» қағидаты негізінде жылына 1 реттен артық енгізбеу (ілеспе заңдарсыз).

практикасын енгізу қажет.

24

Салық жүктемесінің бәсекеге қабілетті коэффициентіне және фискалды емес жүктеменің есептелуіне кепілдік беру

Бүгінгі таңда қолданылатын әдіснамамен салыстырғанда бизнестің табыстылығы ескерілетін Дүниежүзілік банктің әдіснамасы бойынша салық жүктемесінің коэффициентін есептеу әдіснамасына біртіндеп көшуді жүзеге асыру. Осындай есептеулер шығыстарды декларациялауды енгізгеннен кейін мүмкін болады.

НСК-ні экономиканың әрбір саласы және кәсіпорындардың мөлшерлік топтары бойынша есептеу. Фискалды емес жүктемені есептеу

25

Салықтық және кедендік, экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық мәселелерді реттеудің сотқа дейінгі тәртібін енгізу

Салық және кеден даулары бойынша тәуелсіз апелляциялық комиссияны қалыптастыра отырып, сотқа дейінгі апелляциялар үшін заңнамалық негіз әзірлеу. Апелляциялық комиссия бизнес-қоғамдастықтың, мемлекеттің өкілдерінен және экспорттаушылардан тұруы тиіс. Бүгінгі таңда салық және кеден дауларын қарау кезінде міндетті түрде мүдделер қақтығысы орын алады, көп жағдайларда даулар бизнестің пайдасына шешілмейді.

26

Адалдық презумпциясы туралы норманы енгізу

Салық заңнамасы нормаларының сақталуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ салық органдары тарапынан сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің ықтималдығын төмендететін «салық төлеушінің адалдық презумпциясы» қағидатын енгізу қажет.

27

Трансферттік баға белгілеу бойынша мемлекеттік бақылауды оңтайландыруды енгізу

Мемлекет үшін аса маңызды тауарлармен, жұмыстармен немесе көрсетілетін қызметтермен мәмілелер бойынша ғана трансферттік баға белгілеу кезінде бақылау енгізу және осындай тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің тізбесін Үкіметтің Қаулысымен белгілеу қажет.

алу мүмкіндігін беру мақсатында, шетелдік құқық жүйелерінде жемісті жұмыс істеп тұрған алдын ала салық қорытындылары институтын енгізу ұсынылады.

Алдын ала салық қорытындылары институтын құру салық салуды құқықтық реттеудің тұрақтылығы мен айқындылығы есебінен кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігін ынталандыруда маңызды рөл атқаратын болады.

28

Жария құқықты заңды тұлға институтын ҚР заңнамасына енгізу бойынша толыққанды зерттеу жүргізу

Құқықтық мәртебесі мемлекеттік функцияларды сабақтас функциялардан тиімді ажырата отырып, мемлекеттің мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік беретін жария құқықты заңды тұлғаны құру мүмкіндігін қарастыру. Жария құқықты заңды тұлғаның қызметін азаматтық заңнамаларға қайшы келмейтін жеке заңмен реттеу.

30

ӘҚБТК шектен тыс жазалау шараларын алып тастау

Әкімшілік айыппұлдарды теріс әрекеттің **қоғамдық қауіптілігіне қарай** тәуелді ету қажет, осыған орай айыппұлдардың бизнестің мөлшеріне тәуелділігін алып тастау, сондай-ақ бизнестің барлық санаттары үшін айыппұлдардың жоғарғы шектерін белгілеу керек. Бұдан басқа, ескертулерді (айыппұлмен байланыстырылмаған) пайдалану жағдайларын кеңейту қажет.

29

Алдын ала салық қорытындылары институтын құру

Алдын ала салық бақылауы іс-шараларының шеңберінде кәсіпкерге өзі жасауды тек жоспарлап отырған мәміленің салық салдарлары туралы ақпарат

31

Қылмыстық кодекстен шектен тыс жазалау шараларын алып тастау

ҚК-те **салықтарды** және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді **өз еркімен төлеген** кезде қылмыстық жауапкершіліктен босату мүмкіндігін қарастыру қажет.

Ірі бизнес үшін салық қылмыстары бойынша қылмыстық жауапкершіліктің **шекті мәндерін**

көтеру қажет.

Бірқатар қылмыс құрамдары бойынша «адамдар тобының алдын ала келісуі бойынша» квалификациялық белгісін алып тастау.

Жалпы алғанда, жалпықылмыстық теріс қылықтармен салыстырғанда экономикалық теріс қылықтар бойынша жазаларды белгілі бір ізгілендіру үшін жаңа ҚК өзге де барлық резервтерін толық шамада пайдалану.

32

Қылмыстық процестегі кәсіпкерлердің тәуекелдерін жою

Негізсіз қылмыстық қудалау фактілерін жою мақсатында ҚІЖК-ге кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты арыздар мен хабарламалардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне тек алдын ала ревизия немесе тексеру жүргізілгеннен кейін ғана, ал азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде сот талқылауы болған кезде – тек дау шешілгеннен кейін ғана тіркелуі тиістілігін жорамалдайтын өзгерістер енгізу.

33

Шаруашылық дауларды қылмыстық-құқықтық әдістермен шешу мүмкіндігін алып тастау бойынша шаралар қабылдау

Қылмыстық кодекске және Қылмыстық іс жүргізу кодексіне

адал емес кәсіпкерлердің шаруашылық дауларын қылмыстық-құқықтық құралдар жолымен шешу үшін тиімді кедергі белгілеуге бағытталған заңнамалық түзетулердің арнайы топтамасын әзірлеу қажет.

34

Экономикалық қылмыстар бойынша сотталғандарға амнистия жүргізу

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай, мемлекет тарапынан жүргізілетін ізгілік актісі ретінде экономикалық қылмыстар үшін сотталған кәсіпкерлерге амнистия жүргізу ұсынылады.

35

Бизнестің шығындалуына алып келетін бұзушылықтар үшін лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылдау

Әрекеттері немесе әрекетсіздіктері кәсіпкерлердің шығынға түсуіне немесе бизнестің тоқтап қалуына алып келетін адал емес лауазымды тұлғаларды материалдық жауапкершілікке тиімді тартуға бағытталған заңнамалық шаралар топтамасын әзірлеу қажет (жазаның бұлтартпастығы).

36

Құқықтардың сотта қорғалуына қолжетімділікті арттыру

Үздік тәжірибелерге, оның РФ тәжірибесіне сәйкес, қабылданған шешімдердің нәтижелері мен дауға қатысушылар істерінің санаты бойынша іздестіруді жеңілдетуге мүмкіндік беретін, сот жүйесінің ақпараттық ресурсын жетілдіру.

Мемлекеттік баждардың шекті мөлшерлерін, оның ішінде мемлекеттік органдармен даулар бойынша да белгілеу. Кассациялық арыз беру кезінде мемлекеттік баждың алынуын жою.

Жоғарғы сатыдағы судьяның істі жеке-дара қарауы мүмкіндігін жою. Кассациялық арыз беру кезінде талап арыз сомасының шекті мәнін жою.

«Атамекен» ҰҚП мен Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларды әзірлеу кезінде, оның ішінде қолданыстағы қаулыларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша да өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

бақылауын сақтауды көздейтін түзетулер енгізу. Осындай жағдайда мемлекеттің мүддесін қамтамасыз ету мен квазимемлекеттік сектор үшін ТЖҚ берушілер болып табылатын ШОБ кәсіпорындарының мүмкіндіктері арасында өз құқықтарын төрелікте қорғау бойынша тепе-теңдікке қол жеткізілетін болады.

38

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша әрі қарай шаралар қабылдау

Заң шығару процесінде **сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама институтын** қалпына келтіру («Атамекен» ҰҚП-ға бизнеске қатысты НҚА жобалары бойынша оның жүргізілуін тапсыру).

ҚК-де **«белсенді», «пассивті параға сатып алу» және «пара»** белгілерін кеңейту (АҚШ тәжірибесі бойынша). «Заңсыз байығаны» үшін қылмыстық жауапкершілік енгізу мүмкіндігін қарастыру (БҰҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұжырымдамасының 20-бабы).

Мемлекеттік органдардың **ТБЖ үндестірілуі жөнінде** түзетулер енгізу – кәсіпкерлердің бизнесті жүргізудің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын ерікті түрде сақтау, оның ішінде Қазақстан кәсіпкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл хартиясы (батыс компанияларының тәжірибесі бойынша отандық

37

Квазимемлекеттік компаниялармен мүліктік дауларды мемлекеттік емес төрелікпен қарау бойынша шектеулерді жою

«Төрелік туралы» Заңға квазимемлекеттік компаниялардың келісімшарттарына **тек ірі даулар (келісімшарт сомалары) үшін ғана** деген төрелік түзету енгізуге қатысты саланың уәкілетті мемлекеттік органдарының

бизнесмендердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды ерікті түрде енгізулерін ынталандыру үшін).

39

Бизнестің ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету

Негізгі бағыт бизнестің мемлекеттік құпияларға жатқызылатын мәліметтерді қоспағанда, нормативтік-құқықтық база, жекешелендіру объектілері, жер ресурстары, жер қойнауы, инфрақұрылым, өндірістік қуаттар, еңбек ресурстары, салалық шолулар туралы және басқа да ақпаратқа (оның ішінде ағылшын тіліндегі) қолжетімділігін оңтайландыру болуы тиіс.

40

Парниктік газдарды реттеу бөлігінде экологиялық саясатты қайта қарау

Қазақстанда парниктік газдарды

реттеу механизмдерін қайта қарау ШСЖ жою және энергия тиімділігі мен энергияны үнемдеуге басымдық беру арқылы мүмкін, бұл кәсіпорындардың қаржы шығындарын төмендетуі тиіс.

Бұл ретте осы өзгерістер Қазақстан қатысатын Халықаралық шарттарға қайшы келмейді, себебі олар шығарындыларды қысқартудың жалғыз құралы ретінде парниктік газдарды квоталау механизмін пайдалануға айқын және бір мағынада міндеттемейді.

Бұдан басқа, Климаттың өзгеруі туралы БҰҰ негіздемелік конвенциясы парниктік газдарды өздерінің экономикалық мүмкіндіктеріне сәйкес төмендетуге шақырады. Мысалы, Қытай жаңа климаттық келісім шеңберінде 2030 жылға дейін парниктік газдардың көбеюін тұрақтандырып, 2030 жылдан кейін оларды қысқартуды бастайтындығын мәлімдеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тәуелсіздік жылдарында еліміз әлемдік экономиканың халықаралық ақша-тауар қатынастарына тығыз ықпалдасқан бөлігіне айналды. Әлемде орын алып жатқан дағдарыс көріністері, сөзсіз, еліміздің экономикасына кері әсерін тигізеді. Экономикамыздың құрылымының әртараптылығының төмендігі ахуалды қиындата түседі: шикізат секторының басымдығы байқалады. Қазақстанның ДСҰ мен ЕАЭО кіруі отандық бизнеске жаңа талаптар қояды. Бұл жағдай шетелдік компаниялар үшін ішкі нарықтың ашық болуына және бәсекелестіктің шұғыл өсуіне алып келеді. Бұл ретте мемлекетіміз, ДСҰ мен ЕАЭО-ның басқа мүшелері секілді, бизнесті қолдау шараларында шектеуге ұшырайды. Кәсіпорындардың қаржылай дербес болуын және бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру үшін тұғырнамалар құру, біртіндеп қолмен басқарудан өзін-өзі реттеудің жүйелік шараларына көшу – қазіргі күрделі жағдайларда жемісті бәсекеге түсудің бірден-бір сенімді формуласы.

Кәсіпкерлікті қалыптастыру мен дамыту негіздері 1992 жылдан бастап, мемлекеттік даму бағдарламаларын іске асыру барысында қаланған болатын. Мемлекет теңдессіз шаралар қабылдап, кәсіпкерлікті дамытудың жемісті шетелдік үлгілерін бағдарға ала отырып, бизнеске қолдау көрсетуді жалғастыруда. Бүгінгі таңда қолмен басқарудан өзін-өзі басқарудың жүйелі шараларына көшуге, экономикада сыртқы жағдайларға тез бейімделетін механизмдерді құруға мүмкіндік беретін шешімдердің көш басында «100 нақты қадам» Ұлт жоспары тұр.

Мемлекет қабылдаған шешімдердің құндылығы мен ауқымдылығын сезіне отырып, «Атамекен» ҰКП кәсіпкерлердің өздеріне де үлкен жауапкершілік жүктелетіндігін түсінеді. Мемлекет қолайлы жағдай жасай алады, алайда кәсіпкерлер өздері ұзақмерзімді дамуға қамданбаса, тіпті бірлесе атқарылған әрекеттер қауқарсыз болады. Отандық бизнестің үнемі құбылып тұратын жағдайларда тиімді өмір сүру дағдыларын иелене бастауы, инновациялар мен заманауи тәсілдерді енгізе отырып, өз өнімділіктерін арттыруы, басқарушылық және өндірістік процестерді жетілдіруі, халықаралық деңгейде бәсекелесуге үйренуі маңызды.

Осы баяндамада Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік қоғамдастығының атсалысуымен **40 бастама** жазылған. Кәсіпкерлердің бастамаларын жүзеге асыру мақсатында «Атамекен» ҰКП «Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасы» ауқымды зерттеуін жүргізді, оның шеңберінде өңірлердегі кәсіпкерлік сектордың даму ахуалы зерделенді, бизнесті дамытудың барлық базалық факторлары айқындалды және еліміздің бірқалыпты дамуына қажетті қызмет бағыттары мен түрлерінің тізбесі қалыптастырылды.

«Атамекен» ҰКП жаһандық күрделі саяси және экономикалық тұрақсыздық жағдайларында айқын көрініс беретін, проблемаларды еңсеруге мүмкіндік беретін ұсынылып отырған бастамалардың мемлекет тарапынан толығымен қабылданып, қолдау табатынына сенім білдіреді. «Атамекен» ҰКП өз тарапынан ел экономикасының негізі – кәсіпкерлік секторды дамыту үшін, яғни Отанымыздың көркеюі үшін барлық күш-жігерін салады!

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

GEM	Кәсіпкерліктің жаһандық мониторингі (GEM — Global Entrepreneurship Monitor)
<u>UN Comtrade</u>	Халықаралық сауда деректер базасы (United Nations Comtrade Database)
«Kaznex Invest» АҚ	«KAZNEX INVEST экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі» акционерлік қоғамы
«Nadloc» АҚ	«NADLoC» жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі» акционерлік қоғамы
«Бәйтерек ҰБХ» АҚ	«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
«ДАМУ» ҚДҚ» АҚ	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы
«ТДҰА» АҚ	«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» акционерлік қоғамы
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банк
БИ	Бизнес-инкубатор
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы
ЖӨӨ	Жалпы өңірлік өнім
ДСҰ	Дүниежүзілік сауда ұйымы
МЖӘ	Мемлекет-жекеменшік әріптестік
долл.	АҚШ доллары
ТЖД	Төтенше жағдайлар департаменті
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
БҚО	Батыс Қазақстан облысы
ИА	Индустриялық аймақ
ЖК	Жеке кәсіпкер
ЖТС	Жеке табыс салығы
ЭЗИ	Экономикалық зерттеулер институты
Ш(Ф)Қ	Шаруа (фермерлік) қожалығы
ҚР ҰЭМ СК	Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

ЖАО	Жергілікті атқарушы орган
млн	миллион
млрд	миллиард
ШОК	Шағын және орта кәсіпкерлік
ҚР ҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҚҚС	Қосылған құн салығы
«Атамекен» ҚР ҰКП	«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
РБ	Республикалық бюджет
ҚР	Қазақстан Республикасы
РФ	Ресей Федерациясы
СҚО	Солтүстік Қазақстан облысы
СТ-KZ	Тауардың Қазақстан Республикасы аумағында шығарылғанын растайтын сертификат
ТБЖ	Тәуекелдерді басқару жүйесі
АЭА	Арнайы экономикалық аймақ
«ҰИМХТ» АЭА	«Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағы
«ИТП» АЭА	«Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы
СЭҚ	Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет
трлн	триллион
ТЖҚ	Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер
ҚК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ҚІЖК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі
НМСО	Нарық мониторингі және сараптамасы орталығы
ОҚО	Оңтүстік Қазақстан облысы